



---

## УЕФА-ның допингке қарсы ережелері

2021 жылғы басылым

---



# Мазмұны

Преамбула		5
КІРІСПЕ БӨЛІМ		7
I-БӨЛІМ – МАТЕРИАЛДЫҚ ҚҰҚЫҚ		8
I – Жалпы ережелер		8
1-бап	«Допинг» терминінің анықтамасы	8
2-бап	Допингке қарсы қағидаларды бұзу	8
3-бап	Допинг қолданылғанын дәлелдеу	11
4-бап	<i>Тыйым салынған тізім және терапиялық мақсатта пайдалануға рұқсат</i>	13
5-бап	<i>Тестілеу және тексеру</i>	18
6-бап	Сынамаларды талдау	21
7-бап	<i>Нәтижелерді өңдеу: жауапкершілік, алдын ала қарау, құлақтандыру және уақытша шеттету</i>	23
8-бап	Тәртіптік қарау және <i>нәтижелерді өңдеу</i> қорытындысы бойынша тыңдау өткізу туралы құлақтандыру	26
9-бап	Жеке марапаттардан автоматты түрде <i>айыру</i>	28
10-бап	Жекелеген тұлғаларға санкция салу	28
11-бап	<i>Команда үшін салдары</i>	41
12-бап	[Әдейі қолданылмайды]	42
13-бап	<i>Нәтижелерді өңдеу</i> қорытындысы бойынша шешімдерге шағымдану	42
14-бап	Құпиялық және есептілік	46
15-бап	Шешімдерді орындау және мойындау	50
16-бап	[Әдейі қолданылмайды]	50
17-бап	Ескіру мерзімі	51
18-бап	<i>Білім беру</i>	51
19-бап	[Әдейі қолданылмайды]	51
20-бап	УЕФА-ның қосымша өкілеттіктері мен міндеттері	51
21-бап	<i>Ойыншылардың</i> қосымша өкілеттіктері мен міндеттері	52
22-бап	<i>Ойыншылармен жұмыс істеу жөніндегі ұлттық қауымдастықтар мен клубтар персоналының және командалар өкілдерінің</i> қосымша өкілеттіктері мен міндеттері	53
23-бап	УЕФА аясындағы <i>жарыстарға</i> жіберілген УЕФА-ға мүше қауымдастықтар мен клубтардың қосымша өкілеттіктері мен міндеттері	53
II – Қорытынды ережелер		55
24-бап	[Әдейі қолданылмайды]	55
25-бап	[Әдейі қолданылмайды]	55

2-бап	[Әдейі қолданылмайды]	55
25-бап	[Әдейі қолданылмайды]	55

## ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ 56

### А қосымшасы – Терминдер анықтамасы 58

### В қосымшасы – *Тестілеу* тәртібі 68

A.	Допинг-бақылау стансасы	68
B.	Матчтан кейін тестілеу тәртібі	68
C.	<i>Командалық іс-шаралар өткізу кезінде тестілеу тәртібі</i>	69
D.	<i>Жекелеген ойыншыларды тестілеу тәртібі</i>	70
E.	Сынамаларды алу процедурасын өткізу тәртібі туралы жалпы ережелер	70
F.	Несеп сынамаларын алу процедурасын өткізу тәртібі	71
G.	Белгіленген мөлшерден (90 мл) аз көлемде несеп сынамасын алу кезіндегі іс-әрекет тәртібі	72
H.	<i>Қан сынамаларын алу тәртібі</i>	72

### С қосымшасы Орналасқан жері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі 74

A.	УЕФА-ның тестілеу пулы	74
B.	<i>Командалар</i>	74
C.	<i>Ойыншылар</i>	75
D.	<i>Орналасқан жері туралы ақпаратты ұсыну тәртібін сақтамаған кездегі іс-әрекеттер</i>	76
E.	Допингке қарсы басқа ұйыммен өзара әрекеттестік	78
F.	Деректер құпиялығы	79

---

## Преамбула

Осы регламентті УЕФА Жарғысының 50 (1)-бабына сүйеніп, УЕФА-ның Атқару комитеті қабылдады

---



---

# КІРІСПЕ БӨЛІМ

## A. Мақсат

Бұл қағидалар УЕФА Жарғысының 2(1)(е)-бабында көрсетілген УЕФА міндеттерін орындау кепілдігі қызметін атқарады.

## B. Терминдер анықтамасы

Көлбеу белгіленген терминдер А қосымшасында келтірілген.

## C. Регламент құрылымының Кодекске сәйкестігі

Осы регламенттің баптарын нөмірлеу *Кодекс* баптарын нөмірлеуге сәйкес келеді. Бұл ретте пайдалану ыңғайлы болуы үшін *Кодекстің* бұл регламентте көзделмеген кез келген бабы немесе тармағы «әдейі қолданылмайды» тіркесімен белгіленеді.

## D. Қолданыс саласы

### 1 Материалдық сала

Бұл регламент УЕФА-ның допинг-бақылау процедурсын өткізу тәртібін реттейді және допингке қарсы қағидалар мен осы регламентте көзделген өзге қағидалар бұзылған жағдайда қолданылады.

### 2 Регламент қолданысы таралатын тұлғалар

Осы регламент қолданысы УЕФА аясында өтетін барлық *жарыстарға*, сондай-ақ *команда* мүшесіне жататын, *командада* өнер көрсететін, *команда* құрамында жаттығатын УЕФА аясында өтетін *жарыстарға* қатысуға жіберілген *командамен* жұмыс істейтін немесе УЕФА аясында өтетін *жарыстарға* *команданың* қатысуына өзге себептермен тартылған барлық *ойыншыларға* және басқа да *тұлғаларға* таралады.

### 1 Уақыт шегі

1 Осы регламент өзі күшіне енген соң жасалған, допингке қарсы қағидалар бұзылған кез келген жағдайда қолданылады.

2 Осы регламенттегі орналасқан жері туралы ақпарат ұсыну туралы ережелер барлық мән-жайлар анықталғанға дейін УЕФА-ның тестілеу пулына қосылған ойыншыларға, ұлттық қауымдастықтарға және (немесе) клубтарға қатысты қолданылады.

3. *Паспорт* бойынша немесе *спортшының биологиялық паспортымен* байланысты кез келген өзге жағдай бойынша *әдеттегіден тыс* немесе *жайсыз нәтижелер* алынған кезде, УЕФА әкімшілігі өзгеше шешім қабылдасамаса, барлық мән-жайлар анықталғанға дейін ойыншыға қатысты осы регламент ережелері қолданылады.

# 1-БӨЛІМ. МАТЕРИАЛДЫҚ ҚҰҚЫҚ

## I – Жалпы ережелер

---

### 1-бап «Допинг» терминінің анықтамасы

---

Допинг – осы регламенттің 2.1 – 2.11-тармақтарында сипатталған, допингке қарсы қағидалардың біреуін немесе бірнешеуін бұзу жағдайы.

---

### 2-бап Допингке қарсы қағидаларды бұзу

---

Допингке қарсы қағидаларды бұзу келесілерді қамтиды:

2.1 Сынамада тыйым салынған субстанцияның, оның метаболиттерінің немесе маркерлерінің болуы

2.1.1 *Тыйым салынған субстанцияның өз организміне түсуінің алдын алу - ойыншылардың дербес міндеті. Ойыншылар сынамадарда анықталған тыйым салынған субстанциялар, олардың метаболиттері немесе маркерлері үшін жауап береді. Сәйкесінше, 2.1-тармақ бойынша допингке қарсы қағидаларды бұзу фактісін анықтау мақсатында, ойыншылардың [тыйым салынған субстанцияның] қасақана пайдалануын, кінәсін, байқаусызда пайдалануын немесе саналы түрде пайдалануын дәлелдеу қажет емес.*

2.1.2 Мыналардың кез келгені 2.1-тармақ бойынша допингке қарсы қағидаларды бұзудың жеткілікті айғағы саналады: *ойыншы В сынамасы талдамасынан бас тартқан және В сынамасы талдамасын өткізбеген жағдайда, ойыншының А сынамасында тыйым салынған субстанция, оның метаболиттері немесе маркерлері бар болса; ойыншының В сынамасы талдамасының нәтижесі бойынша А сынамасында анықталған тыйым салынған субстанцияның, оның метаболиттерінің немесе маркерлерінің бар екені расталса; А немесе В сынамалары материалдарын екіге бөліп, бөлінген сынаманың екінші бөлігі талдамасының нәтижесі бойынша бөлінген сынаманың бірінші бөлігінде анықталған тыйым салынған субстанцияның, оның метаболиттерінің немесе маркерлерінің бар екені расталса немесе ойыншы бөлінген сынаманың екінші бөлігі талдамасынан бас тартқан жағдайда.*

2.1.3 Ойыншы сынамасында *тыйым салынған субстанцияның, оның метаболиттерінің немесе маркерлерінің* кез келген мәлімделген мөлшерінің болуы допингке қарсы қағидаларды бұзу болып саналады. *Тыйым салынған* тізімде немесе *Техникалық құжатта* шекті нормасы арнайы анықталған субстанцияларды қоспағанда.



- 2.1.4 2.1-тармақ Тыйым салынған тізім, Халықаралық стандарттар және техникалық құжаттарда көзделген жалпы қағидадан тыс жағдай ретінде, белгілі бір *тыйым салынған субстанциялардың* бар-жоғын анықтау және бағалау үшін айырықша критерийлер белгілеуі мүмкін.
- 2.2 *Ойыншының тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті пайдалануы немесе пайдалану талпынысы.*
- 2.2.1 Өз организміне *тыйым салынған субстанция* түсуінің және тыйым салынған әдісті пайдаланудың алдын алу – ойыншылардың дербес міндеті. Сәйкесінше, *тыйым салынған субстанцияны* немесе *тыйым салынған әдісті* пайдалануға байланысты допингке қарсы қағидаларды бұзу фактісін анықтау мақсатында қасақана *пайдаланғанының, кінәсінің, салғырттығының немесе ойыншының тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті саналы түрде пайдаланғанының* айғағы қажет болмайды.
- 2.2.2 *Тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті пайдалану немесе пайдалану талпынысы нәтижесінің бар-жоғы айтарлықтай маңызды емес. Допингке қарсы қағидаларды бұзу фактісін анықтау мақсатында, тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті пайдалану немесе пайдалану талпынысы фактісі жеткілікті болады.*
- 2.3 Ойыншының сынамалар алу процедурасынан жалтаруы, бас тартуы немесе оған бармауы.
- Уәкілетті тұлғадан құлақтандыру алған соң, дәлелді себепсіз *сынамалар алу* процедурасынан жалтару, бас тарту немесе оған бармау.
- 2.4 [Әдейі қолданылмайды]
- 2.5 *Допинг-бақылаудың кез келген құрамдас бөлігінде ойыншы немесе өзге тұлға тарапынан жасалған бұрмалау немесе бұрмалау талпынысы.*
- 2.6 *Ойыншының немесе ойыншылармен жұмыс істеу жөніндегі персоналдың тыйым салынған субстанцияға немесе тыйым салынған әдіске ие болуы.*
- 2.6.1 *Ойыншы [тыйым салынған субстанцияға немесе тыйым салынған әдіске] ие болу 4.4-тармаққа сәйкес берілген терапиялық пайдалануға (ТП) рұқсатпен байланысты екенін дәлелдеген немесе басқа лайықты негіздеме ұсынған жағдайларды қоспағанда, ойыншының жарыс кезеңінде қандай да бір тыйым салынған субстанцияға немесе тыйым салынған әдіске ие болуы немесе ойыншының жарыстан тыс кезеңде тыйым салынған қандай да бір субстанцияға немесе әдіске ие болуы*
- 2.6.2 *Ойыншылармен жұмыс істеу жөніндегі персонал [тыйым салынған субстанцияға немесе тыйым салынған әдіске] ие болу 4.4-тармаққа сәйкес берілген терапиялық пайдалануға (ТП) рұқсатпен байланысты екенін дәлелдеген немесе басқа лайықты негіздеме ұсынған жағдайларды қоспағанда, ойыншылармен жұмыс істеу жөніндегі персоналдың жарыс*

---

кезеңінде қандай да бір тыйым салынған субстанцияға немесе тыйым салынған әдіске ие болуы немесе ойыншылармен жұмыс істеу жөніндегі персоналдың жарыстан тыс кезеңде матч немесе жаттығу кезінде пайдалану үшін ойыншыға арналған, жарыстан тыс кезеңде тыйым салынған қандай да бір субстанцияға немесе қандай да бір әдіске ие болуы.

2.7 Ойыншының немесе өзге тұлғаның тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті таратуы немесе тарату талпынысы.

2.8 Ойыншының немесе өзге тұлғаның жарсы кезеңінде қандай да бір ойыншыға қандай да бір тыйым салынған субстанцияны немесе қандай да бір тыйым салынған әдісті әкімшілендіруі немесе әкімшілендіру талпынысы, сондай-ақ жарыстан тыс кезеңде қандай да бір ойыншыға жарыстан тыс кезеңде тыйым салынған қандай да бір субстанцияны немесе әдісті әкімшілендіруі немесе әкімшілендіру талпынысы.

2.9 Ойыншының немесе өзге тұлғаның сыйбайласуы немесе сыбайласу талпынысы.

Өзге тұлғаның допингке қарсы қағидаларды бұзуын немесе бұзу талпынысын, сондай-ақ 10.14.1-тармақты бұзуын қоса алғандағы көмегі, ынталандыруы, жәрдемі, арандатуы, сөз байласуы, жасыруы немесе қасақана сыбайласудың немесе сыбайласу талпынысының кез келген басқа түрі.

2.10 Ойыншының немесе өзге тұлғаның ынтымақтастығы

2.10.1 УЕФА немесе допингке қарсы ұйым юрисдикциясына жататын ойыншының немесе өзге тұлғаның кәсіби немесе спорттық ретте ойыншылармен жұмыс жөніндегі қандай да бір персоналмен ынтымақтастығы:

2.10.1.1 оның ішінде УЕФА немесе допингке қарсы ұйым юрисдикциясына жатқан жағдайда: шеттету мерзімін өтеп жатқан; немесе

2.10.1.2 УЕФА немесе допингке қарсы ұйым юрисдикциясына жатпаған жағдайда және Кодексте сәйкес нәтижелерді өңдеу қорытындысы бойынша шеттету мерзімін өтеп жатпаған: істі қылмыстық, тәртіптік немесе кәсіби іс барысында допингке қарсы қағидаларды бұзғаны үшін кінәлі немесе сыбайлас деп танылған (оның ішінде бұл тұлғаға қатысты Кодекс қолданысы таралса). «Шеттетілген» тұлға мәртебесі (қай мерзім ең ұзақ екеніне байланысты) қылмыстық, тәртіптік немесе кәсіби іс аясында айыптау үкімі шығарылған сәттен бастап алты (6) жыл бойы немесе қылмыстық, тәртіптік жазаның немесе еңбек санкциясының белгіленген қолданыс мерзімі бойы сақталады; немесе

2.10.1.3 2.10.1.1 немесе 2.10.1.2-тармақтарда көрсетілген тұлғаның өз орнына қойған адамы немесе делдалы.

2.10.2 2.10-тармақты бұзу фактісін анықтау мақсатында УЕФА ойыншылармен жұмыс жөніндегі персоналдың «шеттетілген» тұлға мәртебесі бар екені туралы ойыншының немесе өзге тұлғаның хабардар болғанын дәлелдеуге тиіс. 2.10.1.1 немесе 2.10.1.2-тармақта көрсетілген ойыншылармен жұмыс жөніндегі персоналмен ынтымақтастық кәсіби немесе спорттық сипатқа ие емес еместігін және (немесе) мұндай ынтымақтастықты болдырмау мүмкін болмағанын дәлелдеу ауыртпалығы *ойыншыға* немесе өзге *тұлғаға* жүктеледі.

2.11 Билік органдарын құлақтандыруға кедергі келтіретін немесе қарсы жасалатын ойыншының немесе өзге тұлғаның әрекеті.

2.5-тармаққа жатпайтын жағдайларда:

2.11.1 ВАДА; допингке қарсы ұйымды; құқыққорғау органдарын; реттеу органдарын; кәсіби ұйымдарды; тәртіптік инстанцияларды; ВАДА, УЕФА немесе допингке қарсы ұйым атынан тыңдау өткізіп жатқан ұйымды немесе тексеру жүргізіп жатқан тұлғаны допингке қарсы қағидаларды ықтимал бұзу немесе Кодекс ережелерін ықтимал сақтамау туралы хабардар етуге және саналық танытуға кедергі келтіретін, қауіп төндіретін немесе қандай да бір тұлғаны қорқытуға бағытталған қандай да бір әрекет.

2.11.2 ВАДА; допингке қарсы ұйымға; құқыққорғау органдарына; реттеу органдарына; кәсіби ұйымдарға; тәртіптік инстанцияларға; ВАДА, УЕФА немесе допингке қарсы ұйым атынан тыңдау өткізіп жатқан ұйымға немесе тексеру жүргізіп жатқан тұлғаға допингке қарсы қағидаларды ықтимал бұзу немесе Кодекс ережелерін ықтимал сақтамау туралы айғақты немесе ақпаратты ізгі ниетпен ұсынған тұлғаға қарсы жасалған әрекет.

2.11-тармақ мақсаттары үшін қарсы әрекет, қоқан-лоққы және қорқыту осындай тұлғаға қарсы бағытталған және ізгі ниеті жоқтығына байланысты жасалатын немесе мөлшерлес жауап шаралары ретіндегі әрекеттерді қамтиды.

### 3-бап

### Допинг қолданғанының айғағы

3.1 Айғақтар ұсыну талаптары мен стандарттары

Допингке қарсы қағидаларды бұзу фактісін дәлелдеу ауыртпалығы УЕФА-ға жүктеледі. Дәлелдеу стандарты – тағылған айыптардың ауырлығын ескере отырып, сот алқасының ішкі сенімі үшін жеткілікті дәрежеде допингке қарсы ережелердің бұзылғанын УЕФА-ның анықтауы. Дәлелдеудің бұл стандарты барлық жағдайда «ықтималдықтар теңгерімі» стандартына қарағанда анағұрлым салмақты, бірақ «орынды күмән шегінен тыс» стандартына қарағанда салмақтылығы кем болады. Жорамалды терістеу мақсатында немесе айырықша фактілер мен мән-жайларды анықтау мақсатында (3.2.2 және 3.2.2-тармақтарда көзделген жағдайларды қоспағанда), осы регламентке сәйкес дәлелдеу ауыртпалығы допингке қарсы қағидаларды бұзды жеп жорамалданған *ойыншыға* немесе *тұлғаға* жүктелген жағдайда, ықтималдықтар теңгерімі дәлелдеу стандарты болады.

3.2 Фактілер мен презумпцияларды анықтау әдістері.

Допингке қарсы қағидаларды бұзуға жататын фактілер мен осыған ұқсас басқа бұзушылықтар мойындауды қоса алғандағы кез келген сенімді тәсілдермен анықталуы мүмкін. Допингпен байланысты істерде дәлелдеудің келесі қағидалары қолданылады:

- 3.2.1 Сәйкес ғылыми қоғамдастық мүшелерімен консультация немесе сараптамалық бағалау қорытындысы бойынша ВАДА бекіткен талдау әдістері мен *шешім қабылдау шектері* ғылыми негізделген болуын көздейді. Мұндай презумпция үшін шарттар орындалуын немесе бұл презумпцияның ғылыми негізділігін даулағысы келетін кез келген ойыншы немесе өзге тұлға презумпцияны даулау туралы өз ниеті мен даулау негіздері туралы бірінші кезекте ВАДА -ны құлақтандыруға тиіс. Бастапқы тыңдауды өткізіп жатқан орган, апелляция органы немесе САС де қарсылық бар екені туралы ВАДА-ны өзі құлақтандыра алады. ВАДА осындай құлақтандыру мен істің сәйкес материалдарын алған сәттен бастап он (10) жұмыс күні ішінде ВАДА да тараптардың бірі ретінде іске қатысу, *amicus curiae* ретінде қатысу немесе осы істі қарау барысында айғақтар келтіру құқығы бар. ВАДА талабы бойынша САС-де қаралатын барлық істер бойынша САС алқасы қарсылықты бағалауда алқаға жәрдемдесу мақсатында білікті ғылыми сарапшы тағайындайды.
- 3.2.2 ВАДА аккредиттеген немесе өзгеше мақұлдаған зертханалардың *сынамалар* талдамасымен және оларды сақтаумен байланысты барлық процедураларды *зертханаларға арналған халықаралық стандарттарға* сәйкес жүзеге асыруын көздейді. Ойыншы немесе өзге тұлға талдаманың жағымсыз нәтижесіне негізді түрде себеп болуы мүмкін, *зертханаларға арналған халықаралық стандарттар* талаптарынан ауытқу фактісін дәлелдеп, бұл презумпцияны даулай алады.
- 3.2.3 УЕФА-ның өзге қандай да бір халықаралық стандарттан, Кодексте көзделген допингке қарсы өзге қағидадан, саясаттан немесе осы регламенттің ережелерінен ауытқуы, талдама нәтижелерінің күшін жоюға немесе допингке қарсы қағидаларды бұзудың өзге айғақтарын терістеуге әкеп соқпайды, сондай-ақ допингке қарсы қағидаларды бұзу айыптауынан қорғаныш бола алмайды. Алайда ойыншы немесе өзге тұлға Халықаралық стандарттың төменде көрсетілген нақты ережелерінің бірінен ауытқу талдаманың жағымсыз нәтижелеріне немесе орналасқан жері туралы ақпарат ұсыну тәртібін орындамауға негізделген, допингке қарсы қағидаларды бұзудың дәлелді себебі болуы мүмкін екенін дәлелдесе, мұндай ауытқу талдаманың жағымсыз нәтижесінің немесе орналасқан жері туралы ақпарат ұсыну тәртібін орындамаудың себебі болмағанын дәлелдеу ауыртпалығы УЕФА-ға жүктеледі:
- (i) *Сынама* алу кезеңінде тестілеу және тексеру бойынша халықаралық стандарттан ауытқу немесе *талдаманың жағымсыз нәтижелеріне* негізделген, допингке қарсы қағидаларды бұзудың дәлелді түрде себебі болуы мүмкін, сынаманы пайдалану тәсілімен байланысты ауытқу. Бұл жағдайда мұндай ауытқу талдаманың жағымсыз нәтижесінің себебі болмағанын дәлелдеу ауыртпалығы УЕФА-ға жүктеледі;

- (ii) допингке қарсы қағидаларды бұзудың дәлелді түрде себебі болуы мүмкін, спортшының паспорты бойынша жағымсыз нәтижеге байланысты *тестілеу және тексеру бойынша халықаралық стандарттан* ауытқу. Бұл жағдайда мұндай ауытқу допингке қарсы қағидаларды бұзудың себебі болмағанын дәлелдеу ауыртпалығы УЕФА-ға жүктеледі;
- (iii) *талдаманың жағымсыз нәтижесіне* негізделген, допингке қарсы қағидаларды бұзудың дәлелді түрде себебі болуы мүмкін, *В сынамасын* ашу туралы құлақтандыруды ойыншыға жіберу туралы талапқа байланысты *нәтижелерді өңдеу бойынша халықаралық стандарттан* ауытқу. Бұл жағдайда мұндай ауытқу *талдаманың жағымсыз нәтижесінің* себебі болмағанын дәлелдеу ауыртпалығы УЕФА-ға жүктеледі;
- (iv) *Орналасқан жері туралы ақпаратты ұсыну тәртібін орындамаудың* дәлелді түрде себебі болуы мүмкін, *ойыншыны құлақтандыруға* байланысты *нәтижелерді өңдеу бойынша халықаралық стандарттан* ауытқу. Бұл жағдайда мұндай ауытқу орналасқан жері *туралы ақпаратты ұсыну тәртібін орындамаудың* себебі болмағанын дәлелдеу ауыртпалығы УЕФА-ға жүктеледі.

3.2.4 Ойыншы немесе өзге тұлға көрсетілген шешім табиғи құқық қағидаттарын бұзғанын дәлелдеген жағдайларды қоспағанда, сот немесе сәйкес юрисдикцияның кәсіби тәртіптік органы шешімімен анықталған, апелляция берілмеген фактілер, олар бойынша шешімнің қатысы бар ойыншыға немесе өзге тұлға қарсы бұлтартпас айғақ болады.

3.2.5 Допингке қарсы қағидаларды бұзу туралы істі тыңдау барысында сот алқасы сәйкес сұратым күні бұрын алынғанына қарамастан, ойыншының немесе өзге тұлғаның тыңдауға барып (немесе сот алқасының нұсқауына сәйкес телефон байланысы арқылы қосылып), сот алқасының немесе УЕФА-ның сұрақтарына жауап беруден бас тартуы негізінде, допингке қарсы қағидаларды бұзды деп айыпталып отырған ойыншы немесе өзге тұлға үшін теріс шешімге келуі мүмкін.

---

4-бап *Тыйым салынған тізімі және терапиялық мақсатта пайдалануға рұқсат*

---

4.1 *Тыйым салынған тізім.*

*Тыйым салынған субстанциялар мен тыйым салынған әдістер* ВАДА жариялайтын *Тыйым салынған тізімде көрсетілген барлық атауларды қамтиды.*

---

---

Тыйым салынған тізімде немесе оған түзетулер енгізетін құжаттарда өзгеше көзделмесе, осы регламентке сәйкес Тыйым салынған тізім мен оған түзетулер енгізетін құжаттар ВАДА оны жариялаған соң УЕФА тарапынан қандай да бір қосымша әрекет жасау қажеттігінсіз үш (3) айдан кейін күшіне енеді. Барлық ойыншылар мен өзге тұлғалар күшіне енген күннен бастап, УЕФА тарапынан қандай да бір қосымша әрекет жасау қажеттігінсіз Тыйым салынған тізім мен оған түзетулер енгізетін барлық құжатың аясында болады. Тыйым салынған тізім мен оған түзетулер енгізетін барлық құжатың соңғы баслығымен танысып шығу үшін ойыншылар және өзге тұлғалар жауапты болады. Тыйым салынған тізімнің соңғы нұсқасымен [www.wada-ama.org](http://www.wada-ama.org) адресі бойынша ВАДА сайтында танысып шығуға болады.

#### 4.2 *Тыйым салынған тізімге енген тыйым салынған субстанциялар мен тыйым алынған әдістер*

##### 4.2.1 *Тыйым салынған субстанциялар мен тыйым салынған әдістер.*

Тыйым салынған тізімде алдағы матчтар аясында спорттық нәтижелерді жақсарту қабілетіне және бүркемелеу қасиетіне байланысты кез келген уақытта (жарыс кезеңінде де, жарыстан тыс кезеңде де) тыйым салынған және допинг деп танылған субстанциялар мен әдістер, сондай-ақ тек жарыс кезеңінде тыйым салынған субстанциялар мен әдістер көрсетілген. Тыйым салынған субстанциялар мен тыйым салынған әдістер Тыйым салынған тізімнің жалпы санатына (мысалы, анаболикалық агенттер) немесе белгілі бір субстанция немесе белгілі бір әдіс санатына енгізілуі мүмкін.

##### 4.2.2 *Айырықша субстанциялар мен айырықша әдістер.*

Тыйым салынған тізімде өзгеше көрсетілмесе, 10-тармақ мақсаттары үшін тыйым салынған субстанциялардың барлығы айырықша субстанция болады. Тыйым салынған әдістер Тыйым салынған тізімде тыйым салынған әдіс ретінде көрсетілмесе, олар айырықша әдістер болмайды.

##### 4.2.3 *Тәуелді ететін субстанциялар.*

10-тармақ мақсаттары үшін *тәуелді ететін субстанцияларға* спорт саласынан тыс қоғамда құнығып пайдалануға байланысты *Тыйым алынған тізімде тәуелді ететін субстанциялар* ретінде көрсетілген *тыйым салынған субстанциялар* жатады.

#### 4.3 *Атауды Тыйым салынған тізімге қосу туралы ВАДА шешімі.*

Тыйым салынған субстанциялар мен тыйым салынған әдістерді Тыйым салынған тізімге қосу, Тыйым салынған тізімдегі субстанцияларды санаттар бойынша жіктеу, субстанцияларды кез келген уақытта тыйым салынған және тек жарыс уақытында тыйым салынған деп жіктеу, субстанцияларды немесе әдістерді айырықша субстанциялар немесе айырықша әдістер санатына жатқызу, сондай-ақ субстанцияларды тәуелді ететін субстанциялар санатына жатқызу туралы ВАДА шешімдері түпкілікті болады және бұл субстанция немесе бұл әдіс бүркемелеу агенті емес немесе спорттық нәтижелерді ықтимал жақсартпамайды,

денсаулыққа қауіп төндірмейді, немесе спорттық әділдік қағидатын бұзбайды деген аргументке сүйеніп те ойыншылар немесе өзге тұлғалар ол шешімдерді даулай алмайды

#### 4.4 *Терапиялық пайдалану (ТП)*

4.4.1 *Терапиялық пайдалану бойынша халықаралық стандартқа сәйкес терапиялық пайдалануға (ТП) рұқсат ережелері негізінде берілген тыйым салынған субстанцияның, оның метаболиттерінің немесе маркерлерінің болуы, тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті пайдалану немесе пайдалану талпынысы, ие болу, әкімшілендіру немесе әкімшілендіру талпынысы допингке қарсы қағидаларды бұзуға жатпайды деп көзделеді.*

4.4.2 *ТП беру сұратымдары.*

*ТП беру немесе растау сұратымдарын ойыншы осы регламент ережелеріне сәйкес беруге тиіс.*

4.4.3 *ТП растау.*

4.4.3.1 Ойыншыда Кодекстің 4.4-тармағына сәйкес өзінің допингке қарсы ұлттық ұйымы берген сәйкес тыйым салынған субстанцияға немесе тыйым салынған әдіске қатысты ТП рұқсаты болса және көрсетілген рұқсат терапиялық пайдалану бойынша халықаралық стандартта белігленген критерийлерге сәйкес келсе, УЕФА өз аясында өтетін матчтар шеңберінде оның жарамдылығын растауға міндетті. Егер УЕФА ойыншының допингке қарсы ұлттық ұйымы берген ТП рұқсатты терапиялық пайдалану бойынша халықаралық стандартта белігленген критерийлерге сәйкес келмейді деп санаса және оны растаудан бас тартса, УЕФА бас тарту негіздерін көрсете отырып, бұл туралы ойыншыны және оның допингке қарсы ұлттық ұйымын дереу құлақтандыруға тиіс. Бұл жағдайда ойыншы мен оның допингке қарсы ұлттық ұйымы құлақтандыру күнінен бастап, 21 күн ішінде ВАДА-ға шешімді қайта қарау туралы сұратым жіберуге құқылы. ВАДА-ға мұндай сұратым жіберілген жағдайда допингке қарсы ұлттық ұйым берген терапиялық пайдалануға рұқсат УЕФА аясында өтетін матчтарда жарамсыз болады.

Шешімді қайта қарау туралы сұратым ВАДА-ға жиырма бір (21) күн ішінде жіберілмесе, ойыншының допингке қарсы ұлттық ұйымы ұлттық деңгейдегі матчтар аясында және жарыстан тыс тестілеу мақсатында (бұл ретте ойыншының УЕФА аясындағы матчтарға қатысу құқығы жоқ) өзі берген ТП бастапқы рұқсатты жарамды деп санау жөн бе екені туралы шешім қабылдауы қажет. Допингке қарсы ұлттық ұйымның шешімін қарау кезеңінде ТП рұқсат ұлттық деңгейдегі матчтар аясында

және жарыстан тыс ұлттық тестілеу мақсатында жарамды болып қалады, бірақ УЕФА аясындағы матчтар мен жарыстан тыс тестілеу мақсатында жарамсыз болады.

УЕФА допингке қарсы ұйымдар беретін ТП автоматты түрде растай алады.

#### 4.4.3.2

4.4.4 ТП беруге және ТП жөніндегі комитетке сұратым жіберу тәртібі.

4.4.4.1 Ойыншыда сәйкес субстанцияны немесе әдісті ТП өзінің допингке қарсы ұлттық ұйымы берген рұқсаты болмаса, ойыншы сұратымды тікелей УЕФА-ға жіберуі қажет.

4.4.4.2 Терапиялық пайдалану бойынша халықаралық стандарттың 4.1 немесе 4.3-тармақтарымен реттелетін жағдайларды қоспағанда, ТП беруге немесе растауға сұратым тез арада УЕФА-ға жолдануы керек. Сұратым wada-ama.org сайтында бар терапиялық пайдалану бойынша халықаралық стандарттың 6-бабы талаптарына сәйкес жасалуға тиіс.

4.4.4.3 Терапиялық пайдалану бойынша халықаралық стандарттың талаптарына сәйкес, ТП беруге және растауға сұратымдарын қарау мақсатында, УЕФА әкімшілігі УЕФА-ның ТП бойынша комитетін құрады.

4.4.4.4 УЕФА-ның ТП бойынша комитеті ТП беруге және растауға сұратымдардың терапиялық пайдалану бойынша халықаралық стандартта белгіленген критерийлерге сәйкестігі туралы шешім қабылдайды. ТП бойынша комитет сұратымды бағалап, терапиялық пайдалану бойынша халықаралық стандарттың тиісті ережелеріне сәйкес, тез арада, әдетте (айырықша мән-жайлар болмаса) құжаттардың толық жиынтығымен бірге сұратым алған сәттен бастап жиырма бір (21) күн ішінде сұратым бойынша шешім қабылдауға міндетті. Жарыс басталмай тұрып, күні бұрын сұратым алған кезде ТП бойынша комитет жарыс басталғанға дейін шешім шығару үшін қолдан кегеннің бәрін жасауға тиіс.

4.4.4.5 УЕФА-ның ТП бойынша комитетінің шешімі УЕФА-ның түпкілікті шешімі және оны 4.4.7-тармаққа сәйкес даулауға болады. УЕФА-ның ТП бойынша комитетінің шешімі туралы жазбаша құлақтандыру ойыншыға, ВАДА-ға, ФИФА-ға және осы ойыншының және (немесе) клубтың УЕФА-ға мүше қауымдастықтар аумағында орналасқан ұлттық қауымдастығының допингке қарсы ұлттық ұйымына жолдануы керек, сондай-ақ АДАМС жүйесіне жүктелуі керек.



4.4.4.6 Ойыншы сұратымын қабылдамаған жағдайда, УЕФА бас тарту негіздерін көрсете отырып, ойыншы тез арада құлақтандыруға міндетті. Ойыншы сұратымы бойынша оң шешім қабылданған жағдайда, УЕФА ойыншының өзін ғана емес, оның допингке қарсы ұлттық ұйымын және ФИФА-ны құлақтандыруға міндетті.

Допингке қарсы ұлттық ұйым УЕФА ТП берген рұқсат терапиялық пайдалану бойынша халықаралық стандартта белгіленген критерийлерге сәйкес келмейді деп санаса, допингке қарсы ұлттық ұйым құлақтандырылған күннен бастап жиырма бір (21) күн ішінде 4.4.7-тармаққа сәйкес шешімді қайта қарау туралы ВАДА-ға сұратым жіберуге құқылы. Допингке қарсы ұлттық ұйым ВАДА-ға осындай сұратым жіберген кезде, мәселе ВАДА-да қаралып жатқанда УЕФА ТП берген рұқсат УЕФА аясындағы матчтарда және жарыстан тыс тестілеу мақсаттары үшін жарамды болғанымен, ұлттық деңгейдегі матчтар аясында жарамсыз болады. Оның ішінде допингке қарсы ұлттық ұйым ВАДА-ға шешімді қайта қарау туралы сұратым жібермесе, сондай-ақ апелляция беру мерзімі аяқталса (жиырма бір (21) күн), УЕФА ТП берген рұқсат ұлттық деңгейдегі матчтар үшін жарамды болады.

4.4.5 [Әдейі қолданылмайды]

4.4.6 ТП қолданыс мерзімінің аяқталуы, күшінің жойылуы немесе кері қайтарылуы

4.4.6.1 Осы регламент талаптарына сәйкес берілген ТП: (а) қандай да бір қосымша құлақтандыру мен әрекеттер қажеттігінсіз, берілген мерзімі аяқталған соң жарамдылығын тоқтатады; (б) ТП берілген соң ойыншы тез арада УЕФА-ның ТП бойынша комитеті белгілеген талаптарды немесе шарттарды орындамаса, күші жойылады; (с) шын мәнісінде ТП беру критерийлері сақталмағаны анықталса, УЕФА-ның ТП бойынша комитеті күшін жоюы мүмкін; немесе (d) ВАДА-да қарау немесе шағымдану қорытындысы бойынша кері қайтарылуы мүмкін.

4.4.6.2 Жоғарыда көрсетілген жағдайларда ТП сәйкес, аталған ТП жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін, оның күші жойылғанға дейін немесе кері қайтарылғанға дейін ойыншыға сәйкес тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым алынған әдісті пайдалануға, ие болуға немесе әкімшілендіруге байланысты қандай да бір салдар қолданылмайды. Нәтижелерді өңдеу бойынша халықаралық стандарттың 5.1.1.1-тармағына сәйкес талдаманың жағымсыз нәтижесі бөлігінде, ТП мерзімі аяқталған соң, күші жойылған соң немесе кері қайтарылған соң дереу жасалатын қорытынды мұндай нәтиженің көрсетілген күн басталғанға дейін тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым алынған әдісті пайдалану

---

бойынша ТП талаптарына сәйкестігін бағалауды қамтуға тиіс. Пайдалану бойынша талаптар сақталған кезде, допингке қарсы қағидаларды бұзу бойынша айып тағылмайды.

4.4.7 ТП бойынша шешімдерді қайта қарау және шағым беру.

- 4.4.7 Ойыншының немесе оның допингке қарсы ұлттық ұйымының өтініші бойынша ВАДА допингке қарсы ұлттық ұйым берген Тп растамау туралы УЕФА шешімін қайта қарай алады. ВАДА зардап шеккен тұлғалардың сұратымы бойынша да, өз еркімен де ТП бойынша кез келген өзге шешімді кез келген уақытта қайта қарай алады. Қаралып жатқан шешім терапиялық пайдалану бойынша халықаралық стандартта белгіленген критерийлерге сәйкес келсе, ВАДА араласпайды. ТП бойынша шешім көрсетілген критерийлерге сәйкес келмесе, ВАДА оның күшін жояды.
- 4.4.7. ВАДА қайта қарамаған немесе ВАДА қайта қараған соң күші жойылмаған УЕФА-ның ТП бойынша кез келген шешіміне ойыншы және (немесе) ойыншының допингке қарсы ұлттық ұйымы тек САС-ге шағым бере алады.
- 4.4.7.3 ТП бойынша шешімнің күшін жою туралы ВАДА шешіміне ойыншы және (немесе) ойыншының допингке қарсы ұлттық ұйымы және (немесе) УЕФА тек САС-ге шағым бере алады.
- 4.4.7.4 ТП беруге немесе растауға немесе ТП бойынша шешімді қайта қарауға тиісті түрде жіберілген сұратым бойынша ойға қонымды мерзім ішінде шешім шығармау, қайта қарауға немесе апелляцияға сұратым жіберуге негіз болатын бас тарту ретінде қаралуға тиіс.

---

## 5-бап

## *Тестілеу және тексеру*

---

5.1 Тестілеу мен тексерудің мақсаты.

- 5.1.1 *Тестілеу мен тексеру* допингпен күрес аясында кез келген мақсатта жүргізілуі мүмкін.
- 5.1.2 *Тестілеу* ойыншының 2.1-тармақты (*Ойыншы сынамасында тыйым салынған субстанцияның, оның метаболиттерінің немесе маркерлерінің болуы*) немесе 2.2-тармақты (*Ойыншының тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті пайдалануы немесе пайдалану талпынысы*) бұзғанының талдамалық айғағын алу мақсатында жүргізіледі.

## 5.2 Тестілеу өткізуге өкілеттік

- 5.2.1 5.3-тармақта көзделген *жарыс кезіндегі тестілеу* бойынша шектеулерді ескере отырып, УЕФА осы регламентке кіріспенің D.2 тармағында көрсетілген барлық ойыншыларға қатысты жарыс кезіндегі және жарыстан тыс тестілеуді өткізуге уәкілетті.
- 5.2.2 УЕФА тестілеу бойынша өкілеттігі бар кез келген ойыншыдан (шеттету мерзімін өтеп жүрген кез келген ойыншыны қоса алғанда) кез келген уақытта кез келген жерде сынама тапсыруды талап ете алады.
- 5.2.3 ВАДА осы регламентке сәйкес жарыс кезіндегі және жарыстан тыс тестілеу өткізуге уәкілетті.
- 5.2.4 УЕФА допингке қарсы ұлттық ұйымға шарт негізінде тестілеу процедурасының қандай да бір бөлігін өткізуге өкілеттік берсе немесе жүктесе, көрсетілген допингке қарсы ұлттық ұйымның өз есебінен қосымша сынамалар алу және қосымша талдамалар өткізуді зертханалара жүктеу құқығы бар. Қосымша сынамалар алған кезде немесе допингке қарсы ұлттық ұйым УЕФА үшін алынған қосымша сынамалар талдамасын өткізген кезде, нәтижелерді өңдеу құқығы және өзге уағдаластықтар болмаған кезде істі қарау УЕФА-ға тиесілі болады.

## 5.3 Жарыстар өткізуге байланысты тестілеу.

- 5.3.1 Бұдан әрі мәтін бойынша өзгеше көзделмесе, жарыс кезеңі бойы жарыс өткізу орнында тестілеу өткізу құқығы тек УЕФА-ға тиесілі болады. Жарыс кезеңі бойы жарыс өткізу орнынан тыс жердегі кез келген тестілеуді УЕФА үйлестіруге тиіс.
- 5.3.2 Өзге мән-жайларда тестілеу өткізу өкілеттігі болатын, бірақ жарыс туралы бастама көтеру мен оны ұйымдасыру үшін жауапты емес допингке қарсы ұйым жарыс кезеңі бойы жарыс өткізу орнында ойыншыларды тестілеуді өткізгісі келсе, допингке қарсы ұйым тестілеу өткізуге рұқсат алу үшін және тестілеуді үйлестіру үшін УЕФА-ға хабарласуға міндетті. Допингке қарсы ұйым УЕФА жауабына қанағаттанбаса, тестілеу және тексеру бойынша халықаралық стандартта белгіленген тәртіпке сәйкес ВАДА-дан тестілеу өткізуге рұқсатты және оны үйлестіру тәртібін анықтауды сұратуға құқылы. ВАДА УЕФА-ны құлақтандырып, онымен талқыламай тұрып, мұндай тестілеу өткізуге рұқсат бермеуге тиіс.

---

Тестілеу өткізуге сенімхатта өзгеше көзделмесе, мұндай тестілеу жарыстан тыс тестілеу деп саналады. Өзге уағдаластық болмаса, мұндай тестілеу нәтижелерін өңдеу үшін УЕФА жауап береді.

#### 5.4 *Тестілеуге қойылатын талаптар.*

5.4.1 УЕФА тестілеу және тексеру бойынша халықаралық стандарт талаптарына сәйкес тестілерді бөлу жоспарын әзірлейді және тестілеу өткізеді.

5.4.2 Бірлесіп өткізетін тестілеу нәтижелігін арттыру және артық қайта тестілеудің алдын алу мақсатында, тестілеуді мүмкіндігінше АДАМС жүйесі арқылы үйлестіру қажет.

#### 5.5 *Ойыншының және команданың орналасқан жері туралы ақпарат.*

5.5.1 УЕФА өздерінің орналасқан жері туралы ақпарат беруге міндетті және С қосымшасы мен Тестілеу және тексеру бойынша халықаралық стандартқа сәйкес әкімшілік және (немесе) тәртіптік шаралар қолданысында болатын ойыншылар мен командалар енгізілген тестілеу пулдарын анықтайды.

5.5.2 [Әдейі қолданылмайды]

5.5.3 [Әдейі қолданылмайды]

5.5.4 [Әдейі қолданылмайды]

5.5.5 [Әдейі қолданылмайды]

5.5.6 [Әдейі қолданылмайды]

5.5.7 Тестілеу пулына енгізілген ойыншы ұсынатын орналасқан жері туралы ақпарат 5.2-тармаққа сәйкес осы ойыншыға қатысты тестілеу өткізуге уәкілетті өзге допингке қарсы ұйымдар үшін сенімді дереккөздерде қолжетімді болады. Орналасқан жері туралы ақпарат әрдайым құпия болуы керек; допинг-бақылау процедурасын жоспарлау, үйлестіру немесе өткізу, допингке қарсы қағидаларды бұзудың ықтимал жағдайларын тексеруге жәрдемдесу мақсатында, спортшының биологиялық паспортынан немесе талдамалардың өзге нәтижелерінен сәйкес ақпарат алу үшін ғана пайдаланылуы керек. Жеке өмірге және дербес деректерге қол сұғудан қорғау бойынша халықаралық стандарт талаптарына сәйкес, бұл мақсаттар үшін енді өзекті емес мәліметтер жойылуы керек.

#### 5.6 [Әдейі қолданылмайды]

Сынамалар талдамасы келесі қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

6.1 Аккредиттелген, мақұлданған немесе өзге зертханаларды пайдалану.

6.1.1 2.1-тармаққа сәйкес талдаманың жағымсыз нәтижесін тікелей анықтау мақсатында сынамалар талдамасы тек ВАДА аккредиттеген немесе мақұлдаған зертханаларда жүргізілуге тиіс. Сынама талдамасын жүргізу мақсатында ВАДА аккредиттеген немесе мақұлдаған зертхананы таңдау құқығы тек УЕФА-да болады.

6.1.2 3.2-тармаққа сәйкес, допингке қарсы қағидаларды бұзуға байланысты фактілер аккредиттелмеген немесе ВАДА мақұлдаған зертханаларда орындалатын сенімді зертханалық немесе өзге криминологиялық зерттеулерді қоса алғандағы кез келген дәйекті құралдармен анықталуы мүмкін.

6.2 *Сынамалар* мен деректер талдамасының мақсаты.

Сынамалар және олармен байланысты талдау деректері немесе допинг-бақылау процедурасы туралы ақпарат талдамасы Тыйым салынған тізімде көрсетілген тыйым салынған субстанцияларды, сондай-ақ тыйым салынған әдістерді, ВАДА анықтайтын өзге субстанцияларды анықтау мақсатында, Кодекстің 4.5-тармағында сипатталған мониторинг бағдарламасына сәйкес, ойыншы несепінің, қанының немесе ген немесе геном профильдерін қоса алғандағы басқа биологиялық материалдарының сәйкес параметрлері профильдерін құруда УЕФА-ға жәрдемдесу мақсатында немесе допингпен күрес аясындағы өзге де заңды мақсаттарда жүзеге асырылады.

6.3 *Сынамалар* мен деректерді зерттеу

Сынамалар, олармен байланысты талдау деректері және допинг-бақылау процедурасы туралы ақпарат допингпен күрес аясындағы зерттеу мақсатында пайдаланылуы мүмкін, бұл ретте сынамаларды зерттеу мақсатында ойыншының жазбаша рұқсатынсыз пайдалануға рұқсат етілмейді. Зерттеу мақсатында пайдаланылатын сынамалар, олармен байланысты талдау деректері және допинг-бақылау процедурасы туралы ақпарат бірінші кезекте ойыншының жеке басын анықтауға жол бермейтіндей тәсілмен өңделуге тиіс. Зерттеу мақсатында пайдаланылатын сынамалар, олармен байланысты талдау деректері және допинг-бақылау процедурасы туралы ақпаратты пайдаланумен байланысты кез келген зерттеу Кодекстің 19-бабында көрсетілген қағидаттарға сәйкес жүргізілуге тиіс.

6.4 *Сынамалар* талдамасы мен есептілік стандарттары

---

УЕФА сынамалар талдамасын зертханаларға арналған халықаралық стандарт және Тестілеу мен тексеру бойынша халықаралық стандарттың 4.7-тармағы талаптарына сәйкес жүргізуді зертханалардан талап етуге тиіс.

Зертханалар өз бастамасымен және өз есебінен немесе УЕФА сұратымы бойынша сынамалар талдамасының стандарт бағдарламасына енбеген тыйым салынған субстанцияның немесе тыйым салынған әдістің бар-жоғын анықтау үшін сынамалар талдамасын жүргізуге құқылы. Мұндай кез келген талдама нәтижесі УЕФА-ға ұсынылуға тиіс және олар кез келген өзге талдама нәтижесімен бірдей заңдық күш пен салдарға ие болады.

6.5 Нәтижелер өңделгенге дейін немесе өңдеу барысындағы *сынамалардың* қосымша талдамасы.

УЕФА 2.1-тармақ бойынша допингке қарсы қағидаларды бұзды деп айыптау үшін сынама негіздеме екені туралы ойыншыны құлақтандырмай тұрып, зертхана сынаманың қайта немесе қосымша талдамасын жүргізуге құқылы. Осындай құлақтандырудан соң УЕФА көрсетілген сынаманың қосымша талдамасын жүргізу қажет деп санаса, УЕФА оны ойыншының келісімімен немесе тыңдау өткізіп жатқан орган мақұлдауымен жасай алады.

6.6 Талдама қорытындысы бойынша жағымсыз нәтиже алған соң немесе допингке қарсы қағидаларды бұзды деп айыптау үшін негіздеме жоқ кездегі сынаманың қосымша талдамасы.

Талдама қорытындысы бойынша зертханадан сынаманың жағымсыз нәтижесін алған соң немесе допингке қарсы қағидаларды бұзды деп айыптау үшін негіздеме жоқ кезде 6.2-тармақ мақсаттары үшін сынаманы сақтауға қою және кез келген уақытта қосымша талдама жүргізу туралы өкім ету құқығы тек УЕФА-да болады. Көрсетілген ойыншыға қатысты тестілеу жүргізуге уәкілетті және сақтауға қойылған сынаманың қосымша талдамасын жүргізгісі келетін допингке қарсы кез келген өзге ұйым оны УЕФА рұқсатымен жасауға құқылы, бұл ретте өзге уағдаластықтар болмаса, УЕФА нәтижелерді бұдан кейінгі кез келген өңдеу үшін жауап береді. Сынамалардың қосымша талдамасы зертханаларға арналған халықаралық стандарт талаптарына сәйкес жүзеге асуға тиіс.

6.7 А және В сынамаларын бөлу.

Нәтижелерді өңдеу өкілеттігі бар допингке қарсы ұйым және (немесе) УЕФА-дан рұқсаты бар, ВАДА аккредиттеген зертхана бөлінген сынаманың бірінші бөлігін А сынамасы талдамасы үшін, ал бөлінген сынаманың екінші бөлігін нәтижені растау үшін А немесе В сынамаларын бөлуді қажет деп санаса, бөлу мен талдама зертханаларға арналған халықаралық стандарттарда белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асуға тиіс.

6.8 [Әдейі қолданылмайды]

---

7-бап *Нәтижелерді өңдеу: жауапкершілік, алдын ала қарау, құлақтандыру және уақытша шеттету*

Осы регламенттің, сондай-ақ УЕФА-ның тәртіптік регламентінің мәнәтінінде нәтижелерді өңдеу допингке қарсы қағидаларды бұзумен байланысты істерді әділ, жедел әрі тиімді шешу мақсатындағы қажетті процесті білдіреді.

7.1 Нәтижелерді өңдеу үшін жауапкершілік.

7.1.1 Нәтижелерді өңдеу үшін УЕФА немесе (сынамалар алу жүргізілмесе) бірінші кезекте допингке қарсы қағидалардың ықтимал бұзылғаны туралы ойыншыға немесе өзге тұлғаға құлақтандыру жіберіп, содан соң сәйкесінше мұқият тексеру жүргізуге тиіс допингке қарсы ұйым жауап береді.

7.1.2 [Әдейі қолданылмайды]

7.1.3 [Әдейі қолданылмайды]

7.1.4 Орналасқан жері туралы ақпаратты ұсыну тәртібін сақтамаудың (ақпарат ұсынбау немесе өткізіп алынған тест) ықтимал жағдайымен байланысты тестілеу пулына (тестілеудің тіркелетін пулына емес) енген ойыншы нәтижелерін өңдеу үшін УЕФА, ФИФА және (немесе) осы регламенттің С қосымшасы ережелеріне сәйкес, ойыншы орналасқан жері туралы ақпарат ұсынатын допингке қарсы ұлттық ұйым жауап береді. УЕФА ақпарат ұсынбау және (немесе) тестті өткізіп алу фактісін анықтаса, УЕФА допингке қарсы өзге ұйымдар бұл ақпаратты көре алатындай кез келген сенімді құралдар көмегімен ФИФА-ны және (немесе) допингке қарсы ұлттық ұйымды бұл туралы құлақтандырады.

7.1.5 [Әдейі қолданылмайды]

7.1.6 [Әдейі қолданылмайды]

7.2 Допингпен күрес аясында допингке қарсы қағидаларды және басқа қағидаларды ықтимал бұзу туралы алдын ала қарау және құлақтандыру.

УЕФА әкімшілігі осы регламентке, сондай-ақ нәтижелерді өңдеу бойынша халықаралық стандарттың А және С қосымшаларының 5.1 – 5.3-тармақтарына сәйкес, допингпен күрес аясында қандай да бір допингке қарсы қағидалардың немесе өзге қағидалардың ықтимал бұзылғаны туралы алдын ала қарап, құлақтандыруға тиіс.

### 7.3 Допингке қарсы қағидаларды бұзудың бұған дейінгі жағдайларын анықтау.

Жоғарыда келтірілген ақпаратқа сәйкес допингке қарсы қағидаларды ықтимал бұзу туралы ойыншыға немесе өзге тұлғаға құлақтандыру жібермес бұрын, УЕФА АДАМС жүйесінде және ВАДА өтініш жіберу арқылы осы ойыншының немесе өзге тұлғаның допингке қарсы қағидаларды бұған дейінгі бұзу жағдайлары туралы ақпаратты тексеруге тиіс.

### 7.4 Уақытша шеттету.

#### 7.4.1 *Талдаманың жағымсыз нәтижесін немесе паспорт бойынша жағымсыз нәтижені алған соң міндетті уақытша шеттету.*

УЕФА талдаманың жағымсыз нәтижесін немесе спортшы паспорты бойынша жағымсыз нәтиже алып (спортшы паспорты бойынша жағымсыз нәтижені тексеру аяқталған соң), айырықша субстанцияға жатпайтын тыйым салынған субстанцияны немесе айырықша әдіске жатпайтын тыйым салынған әдісті анықтаған жағдайда, УЕФА талдаманың жағымсыз нәтижесін қарап, 7.2-тармақта көзделген құлақтандыруды жолдаған соң дереу уақытша шеттетуді белгілеуге тиіс. Келесі жағдайларда міндетті уақытша шеттетудің күші жойылуы мүмкін: (i) ойыншы бузушылық ластанған өнімді тұтыну салдарынан болуы мүмкін екенінің немесе (ii) бұзушылық тәуелді ететін субстанцияны пайдаланудан болғанының айғағын сот алқасына келтірсе, сондай-ақ 10.2.4.1-тармаққа сәйкес шеттету мерзімін қысқарту құқығын дәлелдесе.

Ойыншының ластанған өнімді тұтығаны туралы өтініші негізінде міндетті уақытша шеттетудің күшін жоймау туралы УЕФА сот алқасының шешіміне шағым берілмейді. Сонымен қатар ойыншы УЕФА-ның тәртіптік регламентіне сәйкес аса шұғыл мәртебесіне ие болатын істі мәні бойынша жылдам қарау мүмкіндігін алады.

Айырықша субстанцияларды, айырықша әдістерді, ластанған өнімдерді немесе допингке қарсы қағидаларды өзге бұзушылықтарды анықтау талдамасының жағымсыз нәтижелері негізіндегі міндетті емес уақытша шеттету.

#### 7.4.2 УЕФА ойыншының В сынамасы талдамасына дейін немесе 8-бапқа сәйкес қорытынды тыңдауға дейін 7.4.1-тармақта көзделмеген допингке қарсы қағидаларды бұзған үшін уақытша шеттету белігелі алады.

Нәтижелерді өңдеу бойынша халықаралық стандартта өзгеше көзделмесе, 8-бапқа сәйкес УЕФА сот алқасы шешім шығарғанға дейінгі кез келген уақытта УЕФА-ның қалауы бойынша міндетті уақытша шеттетудің күші жойылуы мүмкін.



#### 7.4.3 Тыңдау өткізу немесе апелляцияға беру мүмкіндігі.

7.4.1 және 7.4.2-тармақтарға қарамастан, ойыншыға немесе өзге тұлғаға: уақытша шеттету белгіленгенге дейін немесе белгіленгеннен кейін уақытлы алдын ала тыңдау өткізу мүмкіндігін немесе (b) 8-тармаққа сәйкес уақытша шеттету белгіленген соң уақытлы істі жылдам қарау мүмкіндігін бермей, уақытша шеттету қойылмайды.

Уақытша шеттету белгілеу немесе уақытша шеттеу белгілеу туралы шешімге 13.2-тармаққа сәйкес жылдам тәртіппен шағым беруге болады.

#### 7.4.4 Уақытша шеттетуге ерікті келісім.

Допингке қарсы қағидаларды бұзғаны туралы құлақтандыру алған соң он (10) күн ішінде ойыншылар немесе өзге тұлғалар уақытша шеттетуге өз бастамасымен әрі ерікті түрде жазбаша нысанда келісе алады.

Ерікті келісім жағдайында уақытша шеттету 7.4.1 және 7.4.2 тармақтарға сәйкес белгіленгендей толық көлемде күшіне енеді және қаралады. Дегенмен, уақытша шеттетуге ерікті келісім берген соң ойыншы немесе өзге тұлға кез келген уақытта мұндай келісімін кері қайтарып ала алады. Бұл жағдайда ойыншыны немесе өзге тұлғаны уақытша шеттетудің бұған дейін өтелген мерзімі есепке алынбайды.

#### 7.4.5 А сынамасы талдамасының жағымсыз нәтижесі және ойыншы немесе УЕФА сұратымы бойынша өткізілген В сынамасы талдамасы А сынамасы талдамасының нәтижесін растамауы негізінде уақытша шеттету белгіленген кезде, 2.1-тармақ бойынша ойыншыға қатысты одан арғы уақытша шеттетуге қолданылмайды. Ойыншы 2.1-тармақ бойынша және В сынамасы талдамасы А сынамасы талдамасының нәтижесін растамауына байланысты жарыстан шеттеілген жағдайда және бұл жарыс барысына өзгеше әсер етпесе әрі қатысу мүмкіндігі сақталса, ойыншы жарысқа одан әрі қатыса алады.

#### 7.5 Нәтижелерді өңдеу барысында қабылданатын шешімдер.

УЕФА нәтижелерді өңдеу аясында келесілерді анықтайды (шектеусіз): (i) допингке қарсы қағидалар бұзылды ма; уақытша шеттету белгілеу қажет пе; мұндай шешім қабылдаудың нақты негізі қайсы; регламенттің бұзылған нақты тармақтары; және (ii) допингке қарсы қағидаларды бұзудан туындайтын барлық салдары, оның ішінде шеттету мерзімі мен оның басталу күні, сондай-ақ барлық қаржылық салдары.

---

7.6 Нәтижелерді өңдеу барысында қабылданған шешімдер туралы құлақтандырулар.

7.6.1 УЕФА нәтижелерді өңдеу барысында қабылданған шешімдер туралы ойыншыларды, өзге тұлғаларды, УЕФА-ға мүше қауымдастық аумағында орналасқан сәйкес ұлттық қауымдастықты және (немесе) клубты, УЕФА-ға мүше қауымдастық аумағында орналасқан олардың ұлттық қауымдастықтарының және (немесе) клубының допингке қарсы ұлттық ұйымын, сондай-ақ ВАДА мен ФИФА-ны құлақтандыруға міндетті.

7.7 Футбол саласындағы мансапты аяқтау.

Ойыншы немесе өзге тұлға нәтижелерді өңдеу кезінде футбол саласындағы мансабын аяқтаса, УЕФА нәтижелерді өңдеу процесін аяқтау құқығын сақтайды. Ойыншы немесе өзге тұлға нәтижелерді өңдеу процесі басталмай тұрып, футбол саласындағы мансабын аяқтаса және көрсетілген ойыншының немесе өзге тұлғаның допингке қарсы қағидаларды бұзу сәтінде УЕФА-ның ойыншы немесе өзге тұлға нәтижелерін өңдеу өкілеттігі болса, УЕФА нәтижелерді өңдеуге құқылы болады.

---

## 8-бап Тәртіптік қарау және нәтижелерді өңдеу қорытындысы бойынша тыңдау өткізу туралы құлақтандыру

---

Допингке қарсы қағидалар анық бұзылған жағдайда УЕФА өзінің тәртіптік регламентіне және осы регламентке сай, сәйкес ойыншыға немесе өзге тұлғаға (-ларға) қатысты істі тәртіптік қарау туралы бастама көтереді.

8.1 Істі бейтарап тыңдау.

8.1.1 [Әдейі қолданылмайды]

8.1.2 Істі тыңдау процесі.

8.1.2.1 УЕФА ойыншыға немесе өзге тұлғаға допингке қарсы қағидалардың ықтимал бұзылғаны туралы құлақтандыру жолдаса, бұл ретте ойыншы немесе өзге тұлға 8.3.1 немесе 8.3.2-тармаққа сәйкес тыңдаудан бас тартпаса, УЕФА-ның тәртіптік регламентіне сәйкес қаралып, шешім шығарылуы үшін іс УЕФА-ның сот алқасына жіберіледі.

8.1.2.2 Істі тыңдау барысында алқа мүшелері арасында білікті бір (1) заңгер болуға тиіс.

---

8.1.2.3 Тағайындалған соң УЕФА сот алқасының мүшесі (-лері) декларацияда көрсетілгеннен бөлек, қандай да бір тарапқа қатысты олардың бейтараптығына күмән келтіруі мүмкін, өздеріне мәлім қандай да бір фактілер немесе мән-жайлар жоқ екені туралы декларацияға қол қоюға міндетті.

8.1.2.4 [Әдейі қолданылмайды]

8.1.2.5 [Әдейі қолданылмайды]

## 8.2 Қабылданған шешімдер туралы құлақтандыру

8.2.1 УЕФА-ның сот алқасы тыңдау соңында немесе ол аяқталған соң дереу нәтижелерді өңдеу бойынша халықаралық стандарттың 9-бабына сәйкес келетін және шешімнің белгіленген шеттету мерзімдерінің, марапаттардан айырудың толық негіздемесін және сәйкес жағдайларда ықтимал салдардың барлығы қолданылмауы себептерінің негіздемесін қамтитын жазбаша шешім шығаруға міндетті.

8.2.2 УЕФА ойыншыны немесе өзге тұлғаны, сондай-ақ допингке қарсы ұйымды осы шешім туралы және 13.2.3- т а р м а қ қ а сәйкес апелляцияға беру құқығы туралы құлақтандыруға және ақпаратты тез арада АДАМС жүйесіне енгізуге міндетті. 13-бапқа сәйкес бұл шешімге шағым берілуі мүмкін.

8.2.3 УЕФА бұл шешім туралы ФИФА-ны құлақтандыруға тиіс.

## 8.3 Тыңдаудан бас тарту

8.3.1 Допингке қарсы қағидаларды бұзды деп айыпталған ойыншы немесе өзге тұлға тыңдаудан тікелей бас тартып, УЕФА тарапынан болатын салдармен келісе алады.

8.3.2 Допингке қарсы қағидаларды бұзды деп айыпталған ойыншының немесе өзге тұлғаның бұл айыптауды УЕФА тұлғасындағы айыптаушы тарап құлақтандыруында көрсетілген мерзімде даулай алмауы, тыңдаудан бас тарту, бұзушылықты мойындау және белгіленген салдармен келісу деп қаралады.

8.3.3 8.3.1 немесе 8.3.2-тармақпен реттелетін жағдайларда УЕФА сот алқасы алдында тыңдау өткізу қажет болмайды. Оның орнына УЕФА нәтижелерді өңдеу бойынша халықаралық стандарттың 9-бабына сәйкес келетін және шешімнің, белгіленген шеттету мерзімінің, марапаттардан айырудың толық негіздемесін және сәйкес жағдайларда ықтимал салдардың барлығы қолданылмауы себептерінің негіздемесін қамтитын жазбаша шешімді тез арада шығаруға міндетті.

8.3.4 УЕФА ойыншыны немесе өзге тұлғаны, сондай-ақ допингке қарсы ұйымды осы шешім туралы және 13.2.3- т а р м а қ қ а с әйкес апелляцияға беру құқығы туралы құлақтандыруға және ақпаратты тез арада АДАМС жүйесіне енгізуге міндетті.

8.3.5 УЕФА бұл шешім туралы ФИФА-ны құлақтандыруға тиіс.

8.4 [Әдейі қолданылмайды]

---

## 9-бап

## Жеке марапаттардан автовтоматты түрде айыру

---

Жарыс кезіндегі тестілеумен байланысты допингке қарсы қағидаларды бұзу, барлық медалі мен ақшалай жүлдесін алып қоюды қоса алғандағы барлық салдарымен бірге, сәйкес матч барысында алған жеке марапаттардан автоматты түрде айырады.

---

## 10-бап

## Жекелеген тұлғаларға санкция салу

---

10.1 Жарыс немесе матч барысында немесе жарыспен немесе матчпен байланысты допингке қарсы қағидаларды бұзу, УЕФА сот алқасының шешімі бойынша барлық медалі мен ақшалай жүлдесін алып қоюды қоса алғандағы барлық салдарымен бірге, осы матч немесе жарыс барысында ойыншы алған жеке марапаттарының барлығынан айыруға әкеп соғуы мүмкін.

10.2 *Тыйым салынған субстанция немесе тыйым салынған әдіс болғаны, оны пайдаланғаны, пайдалану талпынысы немесе ие болғаны үшін шеттету*

10.5, 10.6 немесе 10.7 тармақтарға сәйкес мерзімді қысқарту немесе күшін жою үшін негіздеме болмаған кезде, 2.1, 2.2 немесе 2.6-тармақты бұзғаны үшін шеттету мерзімі келесідей анықталады:

10.2.1 Келесі жағдайларда 10.2.4-тармақты ескере отырып, шеттету мерзімі төрт (4) жыл болады:

10.2.1.1 Ойыншы немесе өзге тұлға допингке қарсы қағидалар қасақана бұзылмағанын дәлелдей алатын жағдайларды қоспағанда, допингке қарсы қағидаларды бұзу айырықша субстанцияны қолданумен байланысты емес.

- 10.2.1.2 Допингке қарсы қағидаларды бұзу айырықша субстанцияны қолданумен байланысты және УЕФА допингке қарсы қағидалар қасақана бұзылғанын дәлелдей алады.
- 10.2.2 10.2.1-тармақпен реттелмейтін жағдайларда 10.2.4.1-тармақты ескере отырып, шеттету мерзімі екі (2) жыл болады.
- 10.2.3 10.2-тармақта пайдаланылатын «қасақана» термині бұл допингке қарсы қағидаларды бұзу екенін немесе мұндай әрекеттер допингке қарсы қағидаларды бұзу болуы мүмкін екенін немесе оларды бұзуға әкеп соғуы мүмкін екенін түйсіне тұра, осындай тәуекелге саналы түрде баратын ойыншылар немесе өзге тұлғалар әрекетінің сипатын анықтауға арналған. Терістелетін презумпция негізінде тек жарыс кезеңінде тыйым салынған субстанцияны анықтау талдамасының жағымсыз нәтижесіне негізделген допингке қарсы қағидаларды бұзу, егер бұл субстанция айырықша субстанция болса және ойыншы тыйым салынған субстанцияны жарыстан тыс кезеңде қолданғанын дәлелдей алса, «қасақана емес» деп қаралады. Тек жарыс кезеңінде тыйым салынған субстанцияны анықтау талдамасының жағымсыз нәтижесіне негізделген допингке қарсы қағидаларды бұзу, егер бұл субстанция айырықша субстанция болмаса және ойыншы тыйым салынған субстанцияны спорттық нәтижелерді жақсарту мақсатында емес, жарыстан тыс кезеңде қолданғанын дәлелдей алса ғана, «қасақана» деп қаралмайды.
- 10.2.4 10.2-тармақ ережелеріне қарамастан, допингке қарсы ережелерді бұзу тәуелді ететін субстанцияларды пайдаланумен байланысты болса:
- 10.2.4.1 ойыншы көрсетілген субстанцияны тұтыну немесе қолдану спорттық нәтижелерді жақсарту мақсатымен байланысты емес екенін, жарыстан тыс кезеңде болғанын дәлелдей алса: ш е т т е т у м е р з і м і ү ш ( 3 ) а й б о л а д ы . Одан бөлек, ойыншы немесе өзге тұлға тәуелді ететін субстанцияға қатысты УЕФА мақұлдаған терапия бағдарламасын ойдағыдай аяқтаса, осы тармаққа (10.2.4.1) сәйкес есептелетін шеттету мерзімі бір (1) айға дейін қысқаруы мүмкін. Осы тармақпен (10.2.4.1) белгіленген шеттету мерзімі 10.6 тармақтың қандай да бір ережесі негізінде қысқартылмайды.
- 10.2.4.2 Көрсетілген субстанцияны тұтыну, пайдалану немесе ие болу жарыс кезеңінде болса және ойыншы оны тұтыну, пайдалану немесе ие болу спорттық нәтижелерді жақсартумен байланысты емес екенін дәлелдей алса, тұтыну, пайдалану немесе ие болу 10.2.1-тармақ мақсаттары үшін қасақана деп қаралмайды және 10.4.-тармаққа сәйкес ауырлататын мән-жайға жатпайды.

### 10.3 Допингке қарсы қағидаларды өзгедей бұзушылықтар үшін шеттету.

10.6 немесе 10.7-тармақпен реттелетін жағдайларды қоспағанда, 10.2-тармақ қолданылмайтын допингке қарсы қағидаларды өзгедей бұзушылықтар үшін шеттету мерзімі келесідей анықталады:

10.3.1 Келесі жағдайларды қоспағанда 2.3 немесе 2.5-тармақты бұзғаны үшін шеттету мерзімі төрт (4) жыл болады: (i) ойыншы сынама алу процедурасына бармаса және ойыншы допингке қарсы қағидалар қасақана бұзылмағанын дәлелдей алса, шеттету мерзімі екі (2) жыл болады; (ii) қалған жағдайлардың барлығында ойыншы немесе өзге тұлға шеттету мерзімін қысқарту үшін негіздеме болатын айырықша мән-жайлар бар екенін дәлелдей алса, ойыншының немесе өзге тұлғаның кінә дәрежесіне байланысты шеттету мерзімі екі (2) жылдан төрт (4) жылға дейін болады; немесе (iii) қорғалған тұлға бұзған жағдайда шеттетудің максималды мерзімі екі (2) жыл, ал минималды санкциясы – шеттету мерзімін белгілемей, ескерту түрінде болады, бұл ретте жаза қорғалған тұлғаның кінә дәрежесіне байланысты болады.

[Әдейі қолданылмайды]

10.3.2

2.7 немесе 2.8-тармақ бұзылған кезде шеттету мерзімі бұзушылықтың ауырлық дәрежесіне байланысты төрт (4) жылдан бастап өмір бойына шеттетуге дейін болады. 2.7 немесе 2.8-тармақ қорғалған тұлғаға қатысты бұзылса, ол аса ауыр деп сараланады және оны ойыншылармен жұмыс жөніндегі персонал айырықша субстанция бөлігінен тыс жасаса, ойыншылармен жұмыс жөніндегі персонал өмір бойына шеттетіледі. Одан бөлек, спорт саласына жатпайтын заңдар мен нормативтік актілерді бұзу деп саралануы мүмкін 2.7 немесе 2.8-тармақты елеулі бұзу туралы ақпарат құзыретті әкімшілік, кәсіби немесе сот органдарына жіберіледі.

10.3.3

10.3.4 2.9-тармақ бұзылса, бұзушылықтың ауырлық дәрежесіне байланысты шеттету мерзімі екі (2) жылдан бастап өмір бойына дейін болуы мүмкін.

10.3.5 2.10-тармақ бұзылса, ойыншының немесе өзге тұлғаның кінә дәрежесіне және істің өзге мән-жайларына байланысты шеттету мерзімі бір (1) жылға дейін қысқарту мүмкіндігімен екі (2) жыл болады.

10.3.6 2.11-тармақ бұзылса, ойыншы немесе өзге тұлға жасаған бұзушылықтың ауырлық дәрежесіне байланысты шеттету мерзімі екі (2) жылдан бастап өмір бойына дейін болады.

## 10.4 Шеттету мерзімін ұлғайтуы мүмкін ауырататын мән-жайлар.

2.7-тармақ (Тарату немесе тарату талпынысы), 2.8-тармақ (Әкімшілендіру немесе әкімшілендіру талпынысы), 2.9-тармақ (Сыбайластық) немесе 2.11-тармақ (Билік органдарын құлақтандыруға кедергі келтіретін немесе қарсы жасалатын ойыншының немесе өзге тұлғаның әрекеті) сипатталған жағдайларды қоспағанда, допингке қарсы қағидаларды бұзу туралы жекелеген іс аясында, УЕФА шеттетудің ұзақ мерзімін белгілеу үшін негіздеме болатын ауырататын мән-жайлар бар екенін анықтайды, өзге мән-жайларда қолданылатын шеттету мерзімі ойыншы немесе өзге тұлға саналы түрде бұзбағанын дәлелдей алатын жағдайларды қоспағанда, бұзушылықтың ауырлық дәрежесіне және ауырататын мән-жайлар сипатына байланысты екі (2) жылдан аспайтын мерзімге қосымша ұлғайтылады.

## 10.5 Кінәсі немесе салғырттығы болмаса, шеттету мерзімінің күшін жою.

Жекелеген іс аясында ойыншы немесе өзге тұлға кінәсі немесе салғырттығы болмағанын дәлелдесе, өзге мән-жайларда қолданылатын шеттету мерзімінің күші жойылады.

## 10.6 Елеусіз кінәсі немесе салғырттығы негізінде шеттету мерзімін қысқарту.

### 10.6.1 2.1, 2.2 немесе 2.6-тармақты бұзғаны үшін белгілі бір мән-жайларда санкция мерзімін қысқарту

10.6.1-тармаққа сәйкес санкция мерзімін қысқартудың барлығы бір-бірін жоққа шығарады және қосылмайды.

#### 10.6.1.1 Айырықша субстанциялар немесе айырықша әдістер.

Допингке қарсы қағидалар айырықша субстанцияны (тәуелді ететін субстанция емес) немесе айырықша әдісті пайдалануға байланысты бұзылса, бұл ретте ойыншы немесе өзге тұлға елеусіз кінәсін немесе салғырттығын дәлелдей алса, минималды санкция – шеттету мерзімін белгілемей, ескерту түрінде болады, ал максималды санкция – ойыншының немесе өзге тұлғаның кінә дәрежесіне байланысты – екі (2) жылға шеттету.

#### 10.6.1.2 Ластанған өнімдер

ойыншы немесе өзге тұлға елеусіз кінәсін немесе салғырттығын дәлелдей алса, ал анықталған тыйым алынған субстанцияның (тәуелді ететін субстанция емес) организміне ластанған өнім арқылы түскенін дәлелдей алса, минималды санкция – шеттету мерзімін белгілемей, ескерту түрінде болады, ал максималды санкция – ойыншының немесе өзге тұлғаның кінә дәрежесіне байланысты – екі (2) жылға шеттету.

### 10.6.1.3 Қорғалған тұлғалар.

Тәуелді ететін субстанция пайдалануға негізделмей, допингке қарсы қағидаларды қорғалған тұлға бұзса, бұл ретте бұл қорғалған тұлға елеусіз кінәсін немесе салғырттығын дәлелдей алса, минималды санкция – шеттету мерзімін белгілемей, ескерту түрінде болады, ал максималды санкция – қорғалған тұлғаның кінә дәрежесіне байланысты – екі (2) жылға шеттету.

#### 10.6.2 10.6.1-тармақты қолданудан тыс елеусіз кінәні немесе салғырттықты мойындау

10.6.1-тармақ қолданылмайтын жекелеген іс аясында 10.7-тармаққа сәйкес [шеттету мерзімін] қысқарту немесе оның күшін жою шартымен ойыншы немесе өзге тұлға өзінің елеусіз кінәсін немесе салғырттығын дәлелдей алса, өзге мән-жайларда қолданылатын шеттету мерзімі ойыншының немесе өзге тұлғаның кінә дәрежесіне байланысты қысқартылуы мүмкін, бұл ретте шеттетудің қысқартылған мерзімі әдеттегі мән-жайларда қолданылатын шеттету мерзімінің жартысынан кем болмайды. Әдеттегі мән-жайлар кезінде өмір бойы шеттету көзделсе, осы тармақ негізінде қысқартылған шеттету мерзімі сегіз (8) жылдан кем болмайды.

#### 10.7 Шеттету мерзімінің немесе кінәмен байланысты емес себептер бойынша өзге салдардың күшін жою, қысқарту немесе тоқтата тұру.

##### 10.7.1 Допингке қарсы қағидалар бұзушылықтарын ашуда немесе анықтауда елелулі жәрдем көрсету

10.7.1.1 13-тармақ негізінде апелляция бойынша түпкілікті шешім шыққанға дейін немесе апелляцияға беру мерзімі аяқталғанға дейін ойыншы немесе өзге тұлға допингке қарсы ұйымға, құқық қорғау органдарына немесе кәсіби тәртіптік инстанцияға елелулі жәрдем көрсетіп, соның нәтижесінде төмендегі жағдайлар туындаса, УЕФА әрбір жекелеген жағдайда белгіленген салдар (шеттетуді және міндетті түрде жариялауды қоспағанда) қолданысын тоқтата тұра алады:

(i) допингке қарсы ұйым басқа тұлғаның допингке қарсы қағидаларды бұзғанын анықтайды немесе сол бойынша іс ашады; немесе

(ii) құқық қорғау органдары немесе тәртіптік инстанция басқа тұлға жасаған қылмыстық құқық бұзушылықты немесе кәсіби қағидалар бұзуды анықтайды немесе сол бойынша іс ашады



---

бұл ретте бұл тұлға ұсынған ақпарат УЕФА-ға және нәтижелер өңдеу үшін жауапты болатын допингке қарсы кез келген өзге ұйымға қолжетімді болады; немесе

(iii) ВАДА өзі аккредиттеген зертхананың немесе спортшылар паспорттарын басқару бойынша бөлімшенің қол қоюшысына қатысты Кодекс, халықаралық стандарт немесе техникалық құжат ережелерін орындамағаны үшін іс қарау туралы бастама көтереді (Тестілеу мен тексеру бойынша халықаралық стандарт талаптарына сәйкес); немесе

(iv) құқық қорғау органдары немесе тәртіптік инстанция ВАДА рұқсатымен қылмыстық құқық бұзушылық немесе спорттық біртұтастық қағидаттарын бұзудан туындайтын және допингпен байланысты емес кәсіби спорттық қағидаларды бұзу туралы іс ашады. 13-тармақ негізінде апелляция бойынша түпкілікті шешім шыққан соң немесе апелляцияға беру мерзімі аяқталған соң УЕФА өзге мән-жайлар кезінде белгіленетін салдардың бір бөлігінің қолданысын ВАДА рұқсатымен тоқтата тұра алады.

Өзге мән-жайлар кезінде қолданылатын шеттету мерзімі тоқтатыла тұруы мүмкін ықтимал кезең ойыншының немесе өзге тұлғаның допингке қарсы қағидаларды бұзуының ауырлық дәрежесіне, сондай-ақ спорттағы допингпен, Кодекс ережелерін сақтамаумен және (немесе) спорттың біртұтастығын бұзумен күресте ойыншы немесе өзге тұлға тарапынан елеулі жәрдемдесу маңыздылығына байланысты болады. Өзге мән-жайлар кезінде қолданылатын шеттету мерзімінің төрттен үш бөлігінен аспайтын мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін. Әдеттегі мән-жайлар кезінде өмір бойы шеттету көзделсе, осы тармақ негізінде тоқтатылмайтын шеттету мерзімі сегіз (8) жылдан кем болмайды. Осы тармақты қолдану мақсатында өзге мән-жайлар кезінде қолданылатын шеттету мерзімі осы регламенттің 10.9.3.2-тармағы негізінде қосылатын шеттету мерзімін қамтымайды.

Елеулі жәрдем көрсеткісі келетін ойыншының немесе өзге тұлғаның талабы бойынша УЕФА тараптар мүдделеріне зиян келтірмеу туралы келісім жасасу шартымен оған ақпарат ұсыну мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

Ойыншы немесе өзге тұлға салдар қолданысы тоқтатыла тұрған елеулі жәрдемдесу аясында ынтымақтастықты жалғастырудан немесе толық әрі дәйекті ақпарат ұсырудан бас тартса, УЕФА бастапқы салдар қолданысын жалғастырады. Тоқтатыла тұрған салдар қолданысын жалғастыру немесе тоқтатыла тұрған салдар қолданысын жалғастырудан

---

бас тарту туралы УЕФА шешіміне аталған тұлға 13-тармаққа сәйкес шағым бере алады.

**10.7.1.2** Ойыншылар мен өзге тұлғаларды УЕФА сұратымы бойынша ВАДА допингке қарсы ұйымдарына елеулі жәрдемдесуге қосымша ынталандыру мақсатында допингке қарсы қағидаларды немесе Кодексті бұзған немесе бұзды деп жорамалданған ойыншы немесе өзге тұлға нәтижелерді өңдеудің кез келген сатысында (оның ішінде 13-тармаққа сәйкес апелляция бойынша түпкілікті шешім шығарылған соң) өзге мән-жайлар кезінде қолданылатын шеттету мерзімін және өзге салдар қолданысын өз қалауы бойынша тоқтата тұруға келісуі мүмкін. Айырықша жағдайларда елеулі жәрдемдесуге жауап ретінде ВАДА шеттету мерзімі, міндетті түрде жария ету және (немесе) ақшалай жұлдені алып қою, айыппұл төлеу немесе шығындарды өтеуге сияқты санкциялар белгілеуге дейінгі өзге мән-жайлар кезінде осы тармақта көзделгеннен көбірек дәрежеде шеттету мерзімін және басқа салдар қолданысын тоқтата тұруға келісуі мүмкін. ВАДА келісімі осы бапта көзделген салдар қолданысын жалғастыру қағидаттары негізінде әрекет етеді. 13-тармақ ережелеріне қарамастан, ВАДА осы тармаққа (10.7.1.2) сәйкес қабылдаған шешімдерге шағым берілмейді.

**10.7.1.3** УЕФА 13.2.3-тармақ негізінде апелляцияға беруге құқығы бар допингке қарсы басқа ұлттық ұйымдарға елеулі жәрдемдесуге байланысты, өзге мән-жайлар кезінде қолданылатын санкциялардың бір бөлігінің қолданысын тоқтата тұрса, 14.2-тармаққа сәйкес шешімнің толық негіздемесі бар құлақтандыру ұсынылады. Айырықша жағдайларда ВАДА шешімі бойынша допингпен күрес мүддесінде ВАДА УЕФА-ны елеулі жәрдем көрсету немесе елеулі жәрдемдесу сипаты туралы келісімді жария етуді шектейтін немесе кейінге қалдыратын құпиялық туралы сәйкес келісім жасасуға уәкілетті ете алады.

**10.7.2** Өзге айғақтар болмаған кезде допингке қарсы қағидаларды бұзғанын мойындау.

Талдамасы допингке қарсы қағидалар бұзылғанын анықтауы мүмкін сынама тапсыру қажеттігі туралы құлақтандыру алғанға дейін (немесе 2.1-тармақта сипатталмаған допингке қарсы қағидалар бұзылған жағдайда 7-бапқа сәйкес мойындалған бұзушылық туралы алғашқы құлақтандыру алғанға дейін) ойыншы немесе өзге тұлға допингке қарсы қағидаларды бұзғанын ерікті түрде мойындаса және мойындау сәтінде допингке қарсы қағидаларды бұзудың жалғыз дәйекті айғағы ретінде мойындауы болса,

---

шеттету мерзімі өзге мән-жайлар кезінде қолданылатын шеттету мерзімінің жартысынан аспайтын мерзімге қысқартылуы мүмкін.

### 10.7.3 Санкция қолданысын қысқарту үшін бірнеше негіздемені қолдану.

Ойыншы немесе өзге тұлға 10.7-тармақ негізінде мерзім қысқарғанға дейін немесе тоқтатыла тұрғанға дейін 10.5, 10.6 немесе 10.7-тармақтың екі немесе бірнеше ережесі негізінде санкция мерзімін қысқарту құқығын дәлелдесе, өзге мән-жайлар кезінде қолданылатын шеттету мерзімі 10.2, 10.3, 10.5 және 10.6-тармақтарға сәйкес анықталады. Ойыншы немесе өзге тұлға 10.7-тармаққа сәйкес шеттету мерзімін қысқарту немесе тоқтата тұру құқығын дәлелдесе, шеттету құқығы өзге мән-жайлар кезінде көзделген шеттету мерзімінің төрттен бір бөлігінен аспайтын мерзімге қысқартылуы немесе тоқтатылуы мүмкін.

## 10.8 Нәтижелерді өңдеу барысындағы келісімдер

### 10.8.1 Санкцияларды уақытлы мойындау және олармен келісу негізінде допингке қарсы қағидаларды белгілі бір бұзушылықтар үшін санкция қолданысы мерзімін бір (1) жылға қысқарту.

Төрт (4) жылдан бастап мерзімге шеттету (10.4-тармақта көзделген шеттету мерзімін қоса алғанда) көзделген допингке қарсы қағидалардың ықтимал бұзылғаны туралы УЕФА-дан құлақтандыру алған соң ойыншы немесе өзге тұлға бұзушылықты мойындап, допингке қарсы қағидалар бұзылғаны туралы құлақтандыру алған соң жиырма (20) күн ішінде шеттету мерзімімен келіссе, УЕФА белгілеген шеттету мерзімі бір (1) жылға қысқартылуы мүмкін. 10.8.1-тармақ негізінде шеттету мерзімі бір (1) жылға қысқартылса, басқа тармақ негізінде шеттету мерзімін қайта қысқартуға жол берілмейді.

### 10.8.2 Істі шешу туралы келісім.

УЕФА тарапынан айып тағылған соң ойыншы немесе өзге тұлға допингке қарсы қағидаларды бұзғанын мойындаса және өз қалауымен УЕФА мен ВАДА үшін қолайлы салдармен келіссе:

(а) ойыншы немесе өзге тұлға үшін шеттету мерзімі 10.1-10.7-тармақтардың допингке қарсы қағидаларды бұл бұзушылыққа, ойыншының немесе өзге тұлғаның кінә дәрежесіне және ойыншының немесе өзге тұлғаның мойындау мерзіміне қолданылуы УЕФА мен ВАДА бағалауы негізінде қысқартылуы мүмкін; және

(b) шеттету мерзімі сынама алу күнінен немесе допингке қарсы қағидаларды соңғы бұзу күнінен басталуы мүмкін. Дегенмен, бұл тармақ қолданылған әрбір жекелеген жағдайда ойыншы немесе өзге тұлға осы санкцияның немесе уақытша шектеудің талаптарын орындау шартымен ойыншы немесе өзге тұлға санкцияны немесе уақытша шеттетуді қабылдаған күннен бастап (қай күн бұрын басталатынына байланысты) шеттетудің келісілген мерзімінің кем дегенде жартысын өтеген болуға тиіс. ВАДА немесе УЕФА-ның істі шешу туралы келісім жасасу немесе жасаспау, шеттету мерзімін қысқарту көлемі және оның басталу күні туралы шешімдерін тыңдау өткізетін орган қарамайды және қайта қарамайды, сондай-ақ 13-бап негізінде шағым берілмейді.

Осы тармаққа сәйкес істі шешу туралы келісім жасасқысы келетін ойыншының немесе өзге тұлғаның талабы бойынша УЕФА оған тараптар мүдделеріне зиян келтірмеу туралы келісім жасасу шартымен допингке қарсы қағидаларды бұзғанын мойындауды талқылау мүмкіндігін қамтамсыз етуге тиіс.

## 10.9 Сан мәрте бұзушылық.

### 10.9.1 Допингке қарсы қағидаларды екінші немесе үшінші рет бұзу.

#### 10.9.1.1 Ойыншыны немесе өзге тұлғаны допингке қарсы қағидаларды екінші рет бұзғаны үшін шеттету мерзімі (қай мерзім анағұрлым ұзақ екеніне байланысты)

- a) алты (6) ай болады; немесе
- (b) шеттету мерзімі келесі диапазондар аралығында:

(i) допингке қарсы қағидаларды алғаш бұзғаны үшін шеттету мерзімінің және бұл бұзушылық алғашқы ретінде қаралып, өзге мән-жайлар кезінде қолданылатын допингке қарсы қағидаларды екінші рет бұзғаны үшін шеттету мерзімінің жиынтығы, және

(ii) бұл бұзушылық алғашқы ретінде қаралып, өзге мән-жайлар кезінде допингке қарсы қағидаларды екінші рет бұзуға қолданылатын шеттетудің қосарланған мерзімі

Бұл диапазон аясындағы шеттету мерзімі ойыншының немесе өзге тұлғаның екінші бұзушылық аясындағы кінәсі мән-жайлары мен дәрежесі негізінде анықталады.

- 10.9.1.2 10.5 немесе 10.6 тармаққа сәйкес үшінші бұзушылық кезінде шеттету мерзімін қысқартуға немесе күшін жоюға арналған шарттар қолданыста болған немесе үшінші бұзушылық 2.4-тармаққа байланысты болған жағдайларды қоспағанда, үшінші бұзушылық кезінде әрқашан өмір бойына шеттету жазасы белгіленеді. Көрсетілген нақты жағдайларда шеттету мерзімі сегіз (8) жылдан бастап өмір бойына шеттетуге дейін болады.
- 10.9.1.3 10.9.1.1 және 10.9.1.2-тармақтарда көзделген шеттету мерзімі кейін 10.7-тармақты қолданған кезде қысқарыталады.
- 10.9.2 Ойыншы немесе өзге тұлға кінәсі немесе салғырттығы жоқ екенін дәлелдеген допингке қарсы қағидаларды бұзушылық 10.9-тармақ мақсаттары үшін бұзушылық ретінде қаралмайды. Бұдан бөлек, 10.2.4.1-тармаққа сәйкес жазаланатын допингке қарсы қағидаларды бұзушылық 10.9-тармақ мақсаттары үшін бұзушылық ретінде қаралмайды.
- 10.9.3 Жекелеген ықтимал сан мәрте бұзушылықтар кезінде қолданылатын қосымша қағидалар.
- 10.9.3.1 10.9.3.2 және 10.9.3.3-тармақтарда көзделген жағдайларды қоспағанда, 10.9-тармақ негізінде санкция салу мақсатында көрсетілген ойыншы немесе өзге тұлға 7-бапқа сәйкес құлақтандыру алған соң немесе УЕФА-ның допингке қарсы қағидаларды алғаш бұзғаны туралы құлақтандыру табыстау талпыныстарынан соң ойыншы немесе өзге тұлға допингке қарсы қағидаларды қосымша бұзғанын УЕФА дәлелдей алса, допингке қарсы қағидалар екінші рет бұзылды деп есептеледі. Егер УЕФА мұны дәлелдей алмаса, бұл бұзушылықтар алғашқы бір бұзушылық ретінде қаралып, санкциясы ауырлататын мән-жайларды да ескере отырып, анағұрлым қатаң санкция қолдануды көздейтін бұзушылықтар негізінде анықталады.
- 10.9.3.2 Ойыншы немесе өзге тұлға құлақтандыруға дейін допингке қарсы қағидаларды қосымша бұзғанын және қосымша бұзушылық алғашқы анықталған бұзушылыққа дейін немесе кейін он екі (12) немесе одан көп ай бұрын жасалғанын УЕФА дәлелдесе, қосымша бұзушылық үшін шеттету мерзімі қосымша бұзушылық дербес алғашқы бұзушылық болып, көрсетілген шеттету мерзімі бұрын анықталған шеттеу мерзімі үшін салынған шеттету мерзімімен бір мезгілде емес, реттілік бойынша өтелетіндей анықталады. 10.9.1-тармақ мақсаттары үшін 10.9.3.2-тармақпен реттелетін жағдайларда бұзушылықтардың көрсетілген жиынтығы бір бұзушылық ретінде қаралады.

10.9.3.3 Егер ойыншы немесе өзге тұлға допингке қарсы қағидаларды негізгі бұзушылықты жасау мақсатында допинг-бақылау процедурасын өткізу бөлігінде 2.5-тармақты бұзғанын УЕФА дәлелдесе, 2.5-тармақ бойынша бұзушылық алғашқы дербес бұзушылық ретінде қаралады және мұндай бұзушылық үшін шеттету мерзімі допингке қарсы қағидаларды негізгі бұзушылық үшін шеттету мерзімімен бір мезгілде емес (ол қолданылған болса), реттілік бойынша өтеледі. 10.9.3.3-тармақпен реттелетін жағдайларда 10.9.1-тармақты қолдану мақсаттары үшін бұзушылықтардың көрсетілген жиынтығы бір бұзушылық ретінде қаралады.

10.9.3.4 Ойыншы немесе өзге тұлға шеттету мерзімі ішінде допингке қарсы қағидаларды екі немесе үш рет бұзғанын УЕФА дәлелдесе, сан мәрте бұзушылықтар үшін шеттету мерзімдері бір мезгілде емес, реттілік бойынша өтеледі.

Он (10) жыл ішінде жасалған допингке қарсы қағидаларды сан мәрте бұзушылық.

10.9.4 10.9-тармақ мақсаттары үшін он (10) жыл ішінде жасалған допингке қарсы қағидаларды сан мәрте бұзушылық есепке алынады.

10.10 [Әдейі қолданылмайды]

10.11 [Әдейі қолданылмайды]

10.12 [Әдейі қолданылмайды]

10.13 Шеттету мерзімінің басталуы.

Ойыншы допингке қарсы қағидаларды бұзғаны үшін шеттету мерзімін өтеп жатқан болса, шеттетудің кез келген жаңа мерзімі шеттетудің ағымдағы мерзімі аяқталғаннан кейінгі келесі күні басталады. Өзге жағдайларда және төменде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, шеттету мерзімі шеттетуді көздейтін түпкілікті шешім шыққан күні немесе тыңдаудан бас тартақан кезде немесе тыңдау өткізілмеген жағдайда шеттетуге немесе оны өзгеше белгілеуге келісім берген күні басталады.

10.13.1 Ойыншының немесе өзге тұлғаның кінәсінен болмаған кідірістер.

Тыңдау өткізу кезінде немесе допинг-бақылаудың өзге кезеңдерінде елеулі кідірістер болса және ойыншы немесе өзге тұлға мұндай кідірістер өз кінәсінен болмағанын дәлелдей алса, УЕФА-ның сәйкес тәртіптік органы ең ерте күнді, атап айтқанда сынама алу күнін немесе допингке қарсы қағидаларды соңғы бұзған күнді шеттету мерзімінің басы ретінде есептей алады.

---

Шеттету мерзімі кезінде, оның ішінде ретроактив шеттету кезінде алынған жеке марапаттардың барлығы алынады.

**10.13.2** Уақытша шеттетудің немесе шеттетудің өтелген мерзімін есептеу.

**10.13.2.1** Ойыншы немесе өзге тұлға уақытша шеттету талаптарын орындаған жағдайда, мұндай уақытша шеттету мерзімі көрсетілген ойыншыға немесе өзге тұлғаға кейін шеттету мерзімі белгіленсе, ескеріледі. Ойыншы немесе өзге тұлға уақытша шеттету талаптарын орындамаған жағдайда, ойыншы немесе өзге тұлға өтеген уақытша шеттету мерзімі ескерілмейді. Шеттету мерзімі кейін шағым берілген шешім негізінде өтелсе, ойыншы немесе өзге тұлға өтеген шеттету мерзімі кейін шағым беру қорытындысы бойынша бұл ойыншыға немесе өзге тұлғаға шеттету мерзімін белгілеген кезде ескеріледі.

**10.13.2.2** Ойыншы немесе өзге тұлға УЕФА белгілеген уақытша шеттетуге өз еркімен жазбаша түрде келісіп, оның талаптарын орындаса, ерікті уақытша шеттетудің мұндай мерзімі бұл ойыншыға немесе өзге тұлғаға кейін шеттету мерзімі белгілеген кезде ескеріледі. Ойыншының немесе өзге тұлғаның ерікті уақытша шеттетуге келісімінің көшірмесі 14.1-тармаққа сәйкес допингке қарсы қағидаларды бұзғаны туралы құлақтандыру алу құқығымен әр тарапқа тез арада ұсынылады.

**10.13.2.3** Ойыншы жарысқа қатыспау туралы шешімді өзі қабылдаса да, оны команда шеттетсе де, уақытша шеттету немесе ерікті уақытша шеттету күшіне ену күніне дейін шеттету мерзімі ескерілмейді.

**10.13.2.4** Команда шеттетілген жағдайда (заңда өзгеше көзделмесе) шеттету мерзімі шеттетуді көздейтін түпкілікті шешім шығарылған күні немесе шеттетуге келіскен немесе тыңдаудан бас тартқан жағдайда оны өзгеше қолданумен келіскен күннен басталады. Команданы шеттетудің кез келген мерзімі (ол жаза қолданылса да, ерікті түрде қабылданса да) шеттетудің жалпы мерзімінде ескеріледі.

---

## 10.14 Шеттету немесе уақытша шеттету мерзімі кезіндегі мәртебе.

### 10.14.1 Шеттету немесе уақытша шеттету мерзімі кезінде қатысуға тыйым салу.

Шеттету немесе уақытша шеттету қолданылған ойыншы немесе өзге тұлға шеттету немесе уақытша шеттету мерзімі кезінде УЕФА, ФИФА ұлттық қауымдастықтар конфедерациялар, командалар немесе өзге қол қоюшы, қол қоюшы мүше ұйым, клуб немесе өзге мүше ұйым, қол қоюшы мүше ұйымның өзге мүше ұйымы бекіткен немесе ұйымдастырған матчтарға, сондай-ақ қандай да бір кәсіби лига немесе матчтарды халықаралық немесе ұлттық ұйымдастырушы, үкіметтік мекемелер қаржыландыратын элиталы және ұлттық спорттық іс-шараларға қатыса алмайды.

Төрт (4) жылдан көп мерзімге шеттету қолданылған ойыншы немесе өзге тұлға шеттету мерзімінің төрт (4) жылы өткен соң, Кодекске қол қоюшы немесе Кодекске қол қоюшы мүшесі юрисдикциясына сәйкес тыйым салынбаған жергілікті матчтарға немесе өзге спорттық шараларға ойыншы ретінде қатыса алады. Бұл ретте мұндай жергілікті матч немесе өзше спорттық шара аталған ойыншыға немесе өзге тұлғаға ұлттық чемпионатқа немесе халықаралық жарысқа қатысу үшін (ұпай жинау үшін) іріктелуге мүмкіндік бермеуі керек. Бұл ретте аталған ойыншы немесе өзге тұлға қорғалған тұлғалармен ынтымақтаса алмайды.

Шеттету қолданылған ойыншы немесе өзге тұлға тестілеуден өтіп, орналасқан жері туралы ақпарат ұсыну жөнінде УЕФА қоятын талаптардың барлығын орындауға міндетті.

### 10.14.2 Жаттығуларды жалғастыру.

10.14.1-тармақтан тыс жағдай ретінде ойыншы (қай мерзім қысқа екеніне байланысты) шеттету мерзімінің соңғы екі айында немесе белгіленген шеттету мерзімінің соңғы ширегінде команда құрамында жаттығуын жалғастырып, клубтың немесе ұлттық қауымдастықтың өзге мүше ұйымының объектілерін пайдалана алады.

### 10.14.3 Шеттету немесе уақытша шеттету кезінде қатысуға салынған тыйымды бұзу

Шеттету қолданылған ойыншы немесе өзге тұлға 10.14.1 тармаққа сәйкес қатысуға салынған тыйымды бұзса, оның нәтижелерінің күші жойылып, оның бастапқы мерзімінің соңында бастапқы мерзімге тең болатын жаңа мерзім қосылады.



---

Ескертуді және шеттету мерзімінің жоқтығын қоса алғандағы шетттеудің жаңа мерзімі ойыншының немесе өзге тұлғаның кінә дәрежесіне және істің өзге мән-жайларына байланысты түзетілуі мүмкін. Ойыншы немесе өзге тұлға тарапынан қатысуға салынған тыйым бұзылғаны және шеттету мерзімін өзгерту қажеттігі туралы шешімді УЕФА қабылдайды. Бұл шешімге 13-бапқа сәйкес шағым беруге болады.

10.14.1-тармаққа сәйкес уақытша шеттету мерзімі кезеңінде қатысуға салынған тыйымды ойыншы немесе өзге тұлға бұзса, уақытша шеттетудің өтелген мерзімі есептелмейді, ол жеңіп алған жеке марапаттар алынады.

Ойыншылармен жұмыс жөніндегі персонал немесе ойыншылар шеттету мерзімі кезінде тұлғаға қатысуға салынған тыйымды бұзуға жәрдемдессе, УЕФА жәрдемдескен тұлғаларға 2.9-тармақты бұзғаны үшін санкция қолданады.

#### 10.14.4 Шеттету мерзімі кезінде материалдық қолдауды тоқтата тұру.

Допингке қарсы қағидаларды кез келген бұзушылық кезінде (санкция 10.5 немесе 10.6-бапқа сәйкес қысқартатын жағдайларды қоспағанда) УЕФА көрсетілген тұлғаны спорт саласында материалдық қолдаудың кейбір немесе барлық түрін немесе өзге жеңілдіктерді тоқтата тұрады.

#### 10.15 Санкция туралы ақпараттың автоматты түрде жариялануы.

14.3-тармаққа сәйкес әр санкция белгіленгені туралы ақпаратты міндетті автоматты түрде жариялауды көздейді.

## 11-бап *Команда үшін салдары*

---

### 11.1 *Команданы тестілеу*

7-бап бойынша допингке қарсы қағидаларды ықтимал бұзғаны туралы бір команданың біреуден (1) көп ойыншысы құлақтандырылса, УЕФА әкімшілігі жарыс кезеңі бойы осы команданы сәйкес нысаналы тестілеуден өткізеді.

## 11.2 Команда үшін салдары

Жарыс кезеңінде бір команданың екеуден (2) көп ойыншысы допингке қарсы қағидаларды бұзғаны анықталса, УЕФА допингке қарсы қағидаларды бұзған жекелеген ойыншыларға қатысты салдарға қосымша, УЕФА-ның тәртіптік регламентіне және осы регламентке сәйкес аталған ойыншылардың УЕФА-ға мүше қауымдастықтарына немесе клубына тиісті санкция (-лар) қолданады. Команда бір маусым ішінде бір жарыстан екіншісіне ауысса, аталған жарыстар бұл тармақ мақсаттары үшін бір жарыс кезеңі ретінде қаралады.

---

### 12-бап

**[Әдейі қолданылмайды]**

---

---

### 13-бап

*Нәтижелерді өңдеу қорытындысы бойынша шешімдерге шағым беру*

---

#### 13.1 Шағым берілуге тиіс шешімдер

Осы регламентке сәйкес қабылданған шешімдерге 13.2-13.6-тармақтарға немесе осы регламентте көзделген өзгеше тәсілмен шағым беруге болады. Апелляция органы өзге шешім шығарған жағдайларды қоспағанда, апелляцияны қарау кезеңінде мұндай шешімдер өз күшінде қалады.

##### 13.1.1 Апелляцияны толық көлемде қарау

Апелляцияны толық көлемде қарау іске қатысты барлық мәселелерді қарауды көздейді және бастапқы сатыда қаралған мәселелермен ғана шектелмейді. Апелляция процесіндегі кез келген тарап қуыным беру негіздемесінен және бірінші саты тыңдалымында ұсынылған немесе қаралған жалпы фактілер мен мән-жайлардан туындаса, бірінші сатыдағы тыңдау кезінде болмаған айғақтар ұсына алады, уәж келтіре алады және наразылдық білдіре алады.

##### 13.1.2 САС апелляция мәніне жататын фактілерге сүйенбеуге тиіс.

САС шешім қабылдаған кезде, апелляция берілген органның пайымына сүйенбеуге тиіс.

##### 13.1.3 ВАДА құқықтық қорғаудың ішкі құралдарын сарқуға міндетті емес.

ВАДА 13-бапқа сәйкес апелляцияға беру құқығы бар жағдайларда, бұл ретте УЕФА процесі аясында қабылданған түпкілікті шешімге басқа тараптар апелляция бермесе, ВАДА УЕФА процесі аясында құқықтық қорғаудың өзге құралдарын пайдалану қажеттігінсіз САС-ге тікелей апелляция бере алады.

### 13.2 Допингке қарсы ережелерді бұзуға, салдарға, уақытша шеттетуге, шешімдерді орындауға және өкілеттілерге қатысты шешімдерге шағым беру

Допингке қарсы қағидаларды бұзғаны туралы шешімге, допингке қарсы қағидаларды бұзғаны үшін салдар белгілеу немесе белгілеу туралы шешімге немесе допингке қарсы қағидаларды бұзбағаны туралы шешімге; процедуралық себептерге орай (мысалы, ескіру мерзімі аяқталғанын қоса алағанда) допингке қарсы қағидаларды бұзуға байланысты істі қарауды жалғастырудың мүмкін емесі туралы шешімге; талдамалардың жағымсыз нәтижелері немесе бейтиптік нәтижелері негізінде допингке қарсы қағидаларды бұзды деп айып тақпау туралы УЕФА шешіміне; Нәтижелерді өңдеу бойынша халықаралық стандартқа сәйкес тексеруден соң допингке қарсы қағидаларды бұзуға байланысты істі қарауды жалғастырмау шешіміне; алдын ала тыңдау қорытындысы бойынша уақытша шеттетуді белгілеу немесе оның күшін жою шешіміне; УЕФА-ның 7.4-тармақты орындамауына; допингке қарсы қағидаларды болжалды бұзу немесе оның салдары бойынша ресми шешім шығару үшін УЕФА-ның өкілеттігі жоқ екені туралы шешімге; 10.7.1-тармаққа сәйкес салдар қолданысын тоқтата тұру немесе жалғастыру туралы шешімге немесе салдар қолданысыны жалғастыру немесе жалғастырмау туралы шешімге; 10.14.3-тармақты қолдануға байланысты шешімге; 15-бапқа сәйкес допингке қарсы басқа ұйымның шешімін орындамау туралы УЕФА шешіміне осы регламенттің F тармағын ескере отырып, Кодекстің 27.3-тармағына сәйкес тек осы тармақта (13.2) көзделген тәртіппен шағым берілуі мүмкін.

#### 13.2.1 Апелляциялар

Жарысқа қатысуға байланысты туындайтын жағдайларда немесе ойыншыларға қатысты жағдайларда шешімге тек САС-де шағым беруге болады.

#### 13.2.2 [Әдейі қолданылмайды]

#### 13.2.3 Апелляцияға беру құқығы бар тұлғалар

##### 13.2.3.1 Апелляциялар

13.2.1-тармақпен реттелетін жағдайларда, келесі тараптардың САС-ге апелляция беру құқығы бар:

- (а) шағым беріліп отырған шешім қабылданған ойыншы немесе өзге тұлға;
- (б) өзіне қатысты шешім шыққан, іске қатысушы өзге тарап;

---

(с) УЕФА;

(d) Аталған тұлғаның УЕФА-ға мүше қауымдастық аумағында орналасқан ұлттық қауымдастығының және/немесе клубының допингке қарсы ұлттық ұйымы

(е) Олимпиада ойындарына байланысты болуы мүмкін шешімдер, оның ішінде Олимпиада ойындарына қатысуға рұқсат беруге ықпал ететін шешімдер жағдайында Халықаралық олимпиада комитеті; және

(f) ВАДА.

13.2.3.2 [Әдейі қолданылмайды]

13.2.3.3 Құлақтандырулар жолдау міндеті

САС-дегі апелляция процесінің барлық тарабы ВАДА-ны және апелляцияға беру құқығы бар басқа барлық тарапты апелляция туралы уақытлы құлақтандыруға міндетті.

13.2.3.4 Уақытша шеттету туралы шешімге байланысты апелляция

Осы регламенттің өзге ережелеріне қарамастан, уақытша шеттету белгілеу туралы шешімге байланысты апелляцияны тек ойыншы немесе өзіне қатысты уақытша шеттету қолданылған өзге тұлға бере алады.

13.2.3.5 [Әдейі қолданылмайды]

13.2.4 Рұқсат етілген қарсы және одан кейінгі өзге апелляциялар

Осы регламентке сәйкес САС-ге беріліп жатқан іс бойынша мәлімделген қандай да бір респонденттің қарсы және одан кейінгі өзге апелляцияларына тікелей рұқсат етілген. Осы бапқа (13) сәйкес апелляция беру құқығы бар кез келген тарап қарсы және одан кейінгі өзге апелляцияларды осы тарап жауабынан кешіктірмей беруге тиіс.

13.3 УЕФА-ның уақытлы шешім шығармауы

Егер УЕФА жекелеген жағдайда ВАДА белгілеген мерзімде допингке қарсы қағидалар бұзылғаны туралы шешім шығармаса, ВАДА УЕФА допингке қарсы қағидалар бұзылмағаны туралы шешім шығарғанындай, САС-ге тікелей апелляция бере алады.

---

### 13.4 ТП бойынша шешімдерге шағым беру

ТП бойынша шешімдерге тек 4.4-тармақта белгіленген тәртіппен шағым беріледі.

### 13.5 Апелляциялар бойынша шешімдер туралы құлақтандыру және ФИФА-ға арналған ақпарат

13.5.1 УЕФА 13.2.3-тармақ негізінде, 14.2-тармақта көзделген тәртіппен және УЕФА-ның тәртіптік регламентіне және осы регламентке сәйкес апелляция беру құқығы бар ойыншыға немесе өзге тұлғаға және допингке қарсы басқа ұйымдарға апелляция бойынша шешімді тез арада ұсынуға тиіс.

13.5.2 УЕФА апелляция бойынша шешімдер туралы ФИФА-ны хабардар етеді.

### 13.6 Апелляция беру мерзімі

#### 13.6.1 САС-дегі апелляциялар

САС-де апелляция беру мерзімі УЕФА-ның ресми тілдерінің бірінде шыққан уәжді шешімді алған күнеен бастап – жиырма бір (21) күн. Жоғарыда айтылғанға қарамастан, апелляция беру құқығы бар, бірақ қорытындысы бойынша апелляция берілген істі қарау тарабына жатпайтын тарап берген апелляцияға байланысты:

(а) 14.2.2-тармаққа сәйкес көрсетілген тарап (-тар) шешім туралы құлақтандырылған күннен бастап он бес (15) күн ішінде шешім қабылдаған инстанциядан шешім қабылданған іс материалдарының толық жиынтығын сұратуға құқылы;

(b) Мұндай сұратым он бес (15) күн ішінде берілген жағдайда, сұратым берген тараптың істі алған сәттен бастап САС-ге апелляция беру үшін жиырма бір (21) күні бар.

Жоғарыда айтылғанға қарамастан, ДҚДП үшін апелляция беру мерзімі (қай мерзім кейін басталатынына байланысты):

(а) Апелляция беру құқығы бар кез келген басқа тарап үшін апелляция берудің шекті мерзімінен соң жиырма бір (21) күн, немесе

(b) ВАДА шешім шығарылған іс материалдарының толық жиынтығын алған күннен бастап жиырма бір (21) күн.

#### 13.6.2 [Әдейі алынып тасталды]

14.1 Талдамалардың жағымсыз нәтижелеріне, бейтиптік нәтижелерге және допингке қарсы қағидаларды басқа да мәлімделген бұзушылықтарға қатысты ақпарат

14.1.1 Допингке қарсы қағидаларды бұзғаны туралы ойыншыларды және өзге тұлғаларды құлақтандыру

Ойыншыларды және өзге тұлғаларды допингке қарсы қағидаларды бұзғаны туралы құлақтандыру 7 және 14-баптарға сәйкес жүргізіледі.

Допингке қарсы қағидаларды бұзды деп айып тағуға дейінгі нәтижелерді өңдеудің қандай да бір кезеңінде УЕФА істі одан әрі қарамау туралы шешім қабылдаса, ол ойыншыны немесе өзге тұлғаны бұл туралы құлақтандыруға тиіс (ойыншы немесе өзге тұлға нәтижелерді ағымдағы өңдеу туралы бұған дейін хабардар етілген болса).

УЕФА-ға мүше қауымдастықтардың бас хатшысы және/немесе клуб немесе өзге уәкілетті өкіл арқылы ойыншыны немесе өзге тұлғаны жазбаша түрде (электрондық пошта арқылы немесе хатпен) құпия құлақтандырады.

14.1.2 Допингке қарсы қағидалар бұзылғаны туралы допингке қарсы ұлттық ұйымдарды, ФИФА-ны және ВАДА құлақтандыру

Ойыншының немесе өзге тұлғаның УЕФА, ФИФА және ВАДА мүше қауымдастықтар аумағында орналасқан ұлттық қауымдастығының және/немесе клубының допингке қарсы ұлттық ұйымын допингке қарсы қағидалар бұзылғаны туралы құлақтандыру 7 және 14-баптарда көзделгендей, ойыншыны немесе өзге тұлғаны бір мезгілде құлақтандыра отырып жүргізілуі керек.

Допингке қарсы қағидаларды бұзды деп айып тағуға дейінгі нәтижелерді өңдеу барысындағы кез келген сәтте УЕФА мәселені одан әрі қарамау туралы шешім қабылдаса, ол 13.2.3-бапқа сәйкес апелляция беру құқығымен допингке қарсы ұйымдарды бұл туралы (себебін көрсете отырып) құлақтандыруға тиіс. Мұндай шешім туралы ФИФА-да хабардар етіледі.

14.1.3 Допингке қарсы қағидалардың бұзылғаны туралы құлақтандырудың мазмұны

Допингке қарсы қағидалардың бұзылғаны туралы құлақтандыру ойыншының немесе өзге тұлғаның атын, ұлттық қауымдастықтың және/немесе клубтың атауын, жарыс атауын, тестілеу типін (жарыс кезіндегі немесе жарыстан тыс), сынама алынған күнді, зертхана хабарлаған талдама нәтижесін және Тестілеу мен тексеру бойынша халықаралық стандартқа және Нәтижелерді өңдеу бойынша халықаралық стандартқа сәйкес қажетті өзге ақпаратты қамтуы керек.

---

Допингке қарсы қағидалардың бұзылғаны туралы құлақтандыруда 2.1-тармақтан бөлек, бұзылды деп саналған қағида және болжалды бұзушылық үшін негіздеме көрсетілуі керек.

#### 14.1.4 Мәртебе туралы есептер

14.1.1-тармаққа сәйкес допингке қарсы қағидалардың бұзылғаны туралы құлақтандыру жіберілмеген тексерулерді қоспағанда, ойыншының немесе өзге тұлғаның УЕФА, ФИФА және ВАДА мүше қауымдастықтар аумағында орналасқан ұлттық қауымдастығының және/немесе клубының допингке қарсы ұлттық ұйымы 7, 8 немесе 13-бапқа сәйкес өткізілген қарау мәртебесі мен нәтижесі туралы ақпаратты ұдайы алып отыруға, сондай-ақ істі қарау қорытындысының жазбаша уәжді түсіндірмесін немесе түсініктемесі бар шешімін тез арада алып отыруға тиіс.

#### 14.1.5 Құпиялық

14.3-тармақта көзделген тәртіппен УЕФА жария етпейінше, алушы ұйымдар бұл ақпаратты хабардар болуы керек тұлғалардан (ойыншыны немесе өзге тұлғаның УЕФА-ға мүше қауымдастықтар аумағында орналасқан ұлттық қауымдастығының және/немесе клубының допингке қарсы ұлттық ұйымының сәйкес персоналы) басқаға ашпауға тиіс.

14.2 Допингке қарсы қағидалардың бұзылған туралы істер бойынша құлақтандыру, шеттету немесе уақытша шеттету туралы шешімдерді бұзу және сәйкес материалдар алуға сұратым.

14.2.1 8.2, 10.5, 10.6, 10.7 немесе 13.5-тармақтарға сәйкес қабылданған допингке қарсы қағидалардың бұзылғаны, шеттету немесе уақытша шеттету талаптарын бұзу туралы істер бойынша шешімдер максималды ықтимал санкция қолданбау туралы шешім негіздемесін (сәйкес жағдайда) қоса алғандағы шешімнің толық негіздемесін қамтуы керек. Шешім ағылшын не француз тілінде жасалмаса, УЕФА шешімнің ағылшын және француз тілдеріндегі қысқа мазмұны мен сәйкес негіздемесін ұсынуға тиіс.

14.2.2 14.2.1-тармаққа сәйкес алынған шешімге шағым беру құқығы бар допингке қарсы ұйым алған сәттен бастап он бес (15) күн ішінде ішінде осы шешімге қатысты істің барлық материалын сұрата аалды.

---

## 14.3 Жария ету

### 14.3.1 [Әдейі қолданылмайды]

14.3.2 13.2.1-тармаққа сәйкес шағым беру нәтижесі бойынша допингке қарсы қағидаларды бұзу фактісі анықталғаннан кейінгі, 8-бапқа сәйкес апелляция қабылданбағаннан кейінгі, тыңдаудан бас тартқаннан кейінгі, бастапқы шешімге белгіленген мерзімде апелляция берілмегеннен кейінгі, іс 10.8-бапқа сәйкес шешілгеннен кейінгі, 10.14.3-тармаққа сәйкес шеттетудің немесе ескертудің жаңа мерзімі белгіленгеннен кейінгі жиырма (20) күннен кешіктірмей, допингке қарсы қағидаларды бұзу фактісін, допингке қарсы қағидаларды бұзған ойыншының немесе өзге тұлғаның атын, пайдаланылған тыйым салынған субстанция немесе тыйым салынған әдіс (болса) туралы ақпаратты және қолданылатын салдарды УЕФА жария етуге тиіс.

### 14.3.3 [Әдейі қолданылмайды]

14.3.4 Қалай болғанда да, тыңдаудан соң немесе апелляциядан кейін ойыншы немесе өзге тұлға допингке қарсы қағидаларды бұзбағаны анықталса, шешім және оның негізіндегі фактілер өзіне қатысты шешім қабылданған ойыншының немесе өзге тұлғаның келісімімен ғана жария етілуі мүмкін. УЕФА мұндай келісім алу үшін орынды күш салуы керек және келісімін алса, шешімді толық көлемде немесе ойыншы не өзге тұлға мақұлдаған редакцияланған түрде жария етуге тиіс.

14.3.5 Жариялау ең болмағанда УЕФА веб-сайтында қажетті ақпаратты орналастыру және ақпаратты бір (1) айдан артық уақыт бойы немесе шеттету мерзімі бойы орналастыру арқылы жүзеге асуы керек.

14.3.6 Ойыншының, өзге тұлғаның, оларға жақын тұлғалардың немесе өкілдерінің жария түсініктемелеріне олар берген ақпаратқа негізделген жауаптарды қоспағанда, қандай да бір шешілмеген істің жекелеген фактілеріне қатысты УЕФА-ның да, допингке қарсы ұйымның да, ВАДА аккредиттеген зертхананың да жария түсінік беруге құқығы жоқ (бұл процестің жалпы сипаттамасына және оның ғылыми құрамдас бөлігіне таралмайды).

14.3.7 Допингке қарсы қағидаларды кәмететке толмаған ойыншы немесе қорғалған тұлға бұзса ғана, 14.3.2-тармаққа сәйкес міндетті түрде жария ету қажет болмайды.

## 14.4 [Әдейі қолданылмайды]

## 14.5 Допинг-бақылау процедуралары туралы ақпарат бар деректер қоры



---

Допингке қарсы ұйымдар арасында қолданылатын допинг-бақылау туралы ресурстарды тиімді пайдалану мен ақпарат алмасуды қамтамасыз ету мақсатында УЕФА төмендегілерді қоса алғанда АДАМС жүйесі немесе басқа кез келген сенімді құрал арқылы ВАДА-ға ақпарат бере алады:

- (a) *Ойыншылар үшін спортшының биологиялық паспортының деректері,*
- (b) [Әдейі қолданылмайды],
- (c) ТП бойынша шешімдер; және
- (d) нәтижелерді өңдеу бойынша шешімдер.

**14.5.1** Тестілерді бөлу жоспарын үйлестіруді жеңілдету мақсатында, допингке қарсы түрлі ұйымдар аясында басы артық қайта тестілеуді болдырмау үшін және спортшылардың биологиялық паспорттары профильдерінде өзекті ақпарат болуын қамтамасыз ету мақсатында УЕФА тестілеу мен тексеру бойынша халықаралық стандартта белігленген талаптар мен мерзімдерге сәйкес АДАМС жүйесінде допинг-бақылау нысандарын толтыру арқылы жарыс кезінде және жарыстан тыс жүргізілетін барлық тестілеу туралы ВАДА-ны құлақтандырып отыруға тиіс.

**14.5.2** Терапиялық пайдалануға рұқсатқа қатысты ВАДА-ның қадағалауын және апелляция беру құқығын қамтамасыз ету үшін УЕФА Терапиялық пайдалануға рұқсатқа арналған халықаралық стандартта көрсетілген талаптар мен мерзімдерге сәйкес АДАМС жүйесін немесе басқа кез келген сенімді құралды қолданып, терапиялық пайдалануға рұқсатқа қатысты барлық өтінімдер, шешімдер және растайтын құжаттар туралы хабарлауға тиіс.

**14.5** Қадағалау процесінде және нәтижеге шағым беру құқығын іске асыруда ВАДА-ға жәрдемдесу мақсатында, УЕФА Нәтижелерді өңдеу бойынша халықаралық стандартта көрсетілген талаптар мен мерзімдерге сәйкес АДАМС-қа келесі ақпаратты ұсынуға тиіс:

- (a) допингке қарсы қағидалар бұзылғаны туралы құлақтандырулар және солармен байланысты жағымсыз талдамалар бойынша шешімдер
- (b) талдамалардың жағымсыз нәтижелеріне негізделмеген, допингке қарсы қағидалар бұзылғаны туралы құлақтандырулар және солармен байланысты шешімдер
- (c) [Әдейі қолданылмайды]; және
- (d) уақытша шеттетуді қолдану, оның күшін жою немесе жалғастыру туралы кез келген шешім

**14.5.4** Қажет жағдайда және осы бапта көрсетілген қолданылатын қағидаларға сәйкес ақпарат ойыншыға, ойыншының ұлттық қауымдастығының және (немесе) клубының допингке қарсы ұлттық ұйымына,

---

соңдай-ақ аталған ойыншыға қатысты тестілеу жүргізуге уәкілетті допингке қарсы басқа кез келген ұйымға қолжетімді болады.

#### 14.6 Дербес деректерді қорғау.

14.6.1 УЕФА осы регламентке, Халықаралық стандарттарға (атап айтқанда, Жеке өмір мен дербес деректерге қол сұғылмауын қорғау бойынша халықаралық стандартты қоса алғанда) және қолданылатын заңнамаға сәйкес, қажет болса және сәйкес жағдайларда допингке қарсы қағидаларды жүзеге асыру мақсатында дербес деректерді жинай алады, сақтай алады, өңдей алады және аша алады.

Дербес деректерді қоса алғандағы ақпаратты ұсынатын кез келген ойыншы немесе өзге тұлға осы регламентке сәйкес, дербес деректерді қорғау туралы қолданылатын заңнамаға сай осы регламент мақсаты үшін бұл ақпаратты ықтимал жинауға, өңдеуге, жария етуге және пайдалануға келісетінін білдіреді.

14.6.2 [Әдейі қолданылмайды]

---

### 15-бап Шешімдерді мойындау және орындау

---

#### 15.1 Допингке қарсы ұйымдар шешімдері

13-бапта көзделген апелляция беру құқығын ескере отырып, УЕФА допингке қарсы кез келген ұйымның тестілеу бойынша, тыңдау қорытындылары бойынша және Кодекске сәйкес қабылданған және осы допингке қарсы ұйымдардың өкілеттігі аясындағы өзге де түпкілікті шешімдерін мойындайды және орындайды.

#### 15.2 Өзге инстанциялар шешімдері

Кодекске сәйкес әрекет етсе, УЕФА Кодекс тарапына жатпайтын өзге инстанциялар қабылдаған шараларды да мойындайды.

#### 15.3 [Әдейі қолданылмайды]

### Статья 16 [Әдейі қолданылмайды]

---

---

---

## **17-бап**      **Ескіру мерзімі**

---

Ойыншы немесе өзге тұлға 7-бапқа сәйкес допингке қарсы қағидалар бұзылғаны туралы құлақтандыру алған немесе құлақтандыру табыстаудың ақылға қонымды талпыныстары жасалған жағдайларды қоспағанда, допингке қарсы қағидаларды бұзуға байланысты ойыншыға немесе өзге тұлғаға қатысты қарауды бастау мақсаттары үшін ескіру мерзімі бұзушылық жасалуы мүмкін күннен бастап – он (10) жыл.

---

## **18-бап**    *Білім беру*

---

УЕФА Білім беру бойынша халықаралық стандарт кодексінің 18.2-тармағы талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын жоспарлайды, іске асырады, бағалайды және ілгерілетеді.

---

## **19-бап** [Әдейі қолданылмайды]

---

---

## **20-бап** **УЕФА-ның қосымша өкілеттіктері мен міндеттері**

---

УЕФА келесідей қосымша өкілеттіктері мен міндеттері бар:

20.1 УЕФА осы регламент мақсаттары үшін қажетті қызметкерлерді ұсынады, қажетті комитеттер мен тәртіптік органдар құрады.

20.2 УЕФА әкімшілігі осы регламентті орындауға байланысты әкімшілік тапсырмалар үшін жауап береді және (i) 4-бапқа сәйкес ТП басқару тәртібін; (ii) В қосымшасында сипатталған допинг-бақылау процедураларын; (iii) С қосымшасына сәйкес, орналасқан жері туралы ақпарат ұсынуды; (iv) 17-бапта сипатталған УЕФА-ның допингке қарсы білім беру бағдарламасын; және (v) допингке қарсы қағидаларды ықтимал бұзуға байланысты нәтижелер еңдеуді реттейді.

20.3 [Әдейі қолданылмайды]

---

## 21-бап Ойыншылардың қосымша өкілеттіктері мен міндеттері

---

Ойыншылардың келесідей өкілеттіктері мен міндеттері:

21.1 Осы регламент мазмұнымен танысып шығу және оның талаптарын орындау және осы құжатта сипатталған допингке қарсы бағдарламаны іске асыруда УЕФА-ға жәрдемдесу.

21.2 Кез келген уақытта оның ішінде, шеттету немесе уақытша шеттету мерзімін өтеу кезінде және кез келген жерде сынама алу үшін дайын болу.

21.3 Допингпен күрес мақсатында өз организміне түсіп жатқан және өзі пайдаланып жатқан барлық зат үшін жауап беру.

21.4 Тыйым салынған субстанцияларды немесе тыйым салынған әдістерді пайдаланбау міндеті туралы медициналық персоналды хабардар ету, сондай-ақ медициналық ем аясында осы регламент ережелері бұзылмауы үшін жауап беру.

21.5 Ойыншы алдығы он (10) жыл ішінде жасалған допингке қарсы қағидаларды бұзушылық үшін айыпталған, қол қоюшы қабылдамаған кез келген шешім туралы УЕФА-ны және өзінің допингке қарсы ұлттық ұйымын хабардар ету.

21.6 УЕФА-мен және допингке қарсы қағидалардың бұзылуын тексеретін допингке қарсы ұйымдармен ынтымақтастықта болу.

21.7 УЕФА-ның немесе бұл ойыншы юрисдикциясына жататын допингке қарсы басқа ұйымның талабы бойынша ойыншылармен жұмыс жөніндегі персонал қызметкерлерінің аты-жөнін ашу.

21.8 Допинг-бақылау офицерінің, шапреонның немесе допинг-бақылау процедурасына қатысатын өзге тұлғаның барлық нұсқауын орындау. «Бұрмалау» анықтамасына жатпайтын нұсқауларды орындамау УЕФА-ның тәртіптік регламенті ережелерін бұзды деген айыптауға әкеп соғуы мүмкін.

21.9 УЕФА аясындағы матч хаттамасына енгізілген ойыншылар үшін: матч аяқталған соң сынама алу үшін 30 минут бойы стадионда болу.

21.10 Допинг-бақылау процедурасына шақырылған жағдайда:

- a) құлақтандыру алған соң дереу допинг-бақылау стансасына бару;
- b) допинг-бақылау офицері тұрғысынан қажетті медициналық тексеру процедураларының барлығын өту және допинг-бақылау офицеріне жәрдемдесу.
- c) допинг-бақылау офицерлерінің нұсқауларына сәйкес сынама тапсыру.

---

23.1 УЕФА талабы бойынша орналасқан жері туралы ақпарат ұсыну және оның өзекті болуын үнемі бақылау. Орналасқан жері туралы ақпаратқа қойылатын толық талаптар С қосымшасында көрсетілген.

---

**22-бап** Ойыншылармен жұмыс жөніндегі ұлттық қауымдастықтар және клубтар персоналының және командалар өкілдерінің қосымша өкілеттіктері мен міндеттері

---

УЕФА-ға мүше қауымдастықтардың ұлттық қауымдастықтары және клубтары персоналының, сондай-ақ УЕФА-ға мүше қауымдастық командалары өкілдерінің келесідей қосымша өкілеттіктері мен міндеттері бар:

22.1 Осы регламент мазмұнымен танысып шығу және оның талаптарын орындау және осы құжатта сипатталған допингке қарсы бағдарламаны іске асыруда УЕФА-ға жәрдемдесу.

22.2 Ойыншыларды тестілеу бағдарламасы аясында ынтымақтастықта болу

22.3 Өз беделін пайдаланып, ойыншылар бойында допингке деген теріс көзқарас қалыптастыру.

22.4 Ойыншылармен жұмыс жөніндегі персонал алдыңғы он (10) жыл ішінде жасалған допингке қарсы қағидаларды бұзушылық үшін айыпталған, қол қоюшы қабылдамаған кез келген шешім туралы УЕФА-ны және өзінің допингке қарсы ұлттық ұйымын хабардар ету.

22.5 Допингке қарсы қағидалардың бұзылуын тексеретін допингке қарсы ұйымдармен ынтымақтастықта болу.

22.6 Заңды негіздеме болмаса, қандай да бір тыйым салынған субстанцияларды немесе тыйым салынған әдістерді пайдаланбау және оларға ие болмау.

22.7 Допинг-бақылау офицерінің, шапреонның немесе допинг-бақылау процедурасына қатысатын өзге тұлғаның барлық нұсқауын орындау. «Бұрмалау» анықтамасына жатпайтын нұсқауларды орындамау УЕФА-ның тәртіптік регламенті ережелерін бұзды деген айыптауға әкеп соғуы мүмкін.

---

**23-бап** УЕФА-ға мүше қауымдастықтардың және УЕФА аясындағы жарыстарға жіберілген клубтардың қосымша өкілеттіктері мен міндеттері

---

*УЕФА-ға мүше қауымдастықтардың және УЕФА аясындағы жарыстарға жіберілген клубтардың келесідей қосымша өкілеттіктері мен міндеттері бар:*

---

23.2 Осы құжатта сипатталған допингке қарсы бағдарламаны іске асыруда УЕФА-ға жәрдемдесу.

23.3 Допингке қарсы мәселелер бойынша алынған хат-хабардың барлығын сәйкес адресатқа жіберу. Жеке тұлғаларға арналған хат-хабардың барлығы олардың УЕФА-ға мүше қауымдастықтары орналасқан аумақтағы ұлттық қауымдастықтарына немесе клубтарына жолданады. Олар болса, адресатты тікелей құлақтандыруға тиіс. Хат-хабар поштамен немесе электронды пошта арқылы УЕФА-ның ресми тілдерінің бірі – ағылшын, француз немесе неміс тілінде жіберіледі.

23.4 Осы регламент аясындағы допингке қарсы қағидаларды ықтимал бұзумен немесе бұзумен байланысты кез келген ақпаратты УЕФА-ға ұсыну және тексеру кезінде УЕФА-ға жәрдемдесу.

23.5 УЕФА-ның тестілеу пулына енген тұлғалар үшін: талап бойынша орналасқан жері туралы өзекті ақпаратты және ойыншылардың өзекті тізімін ұсыну. Орналасқан жері туралы ақпаратқа қойылатын толық талаптар С қосымшасында көрсетілген.

23.6 УЕФА тұлғасы атынан командалар мен ойыншылардың орналасқан жері туралы ақпарат сұрату.

---

## II – Қорытынды ережелер

---

24-бап [Әдейі қолданылмайды]

---

---

25-бап [Әдейі қолданылмайды]

---

---

26-бап [Әдейі қолданылмайды]

---

---

27-бап [Әдейі қолданылмайды]

---

---

## ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

А. Преамбула, кіріспе бөлім, қорытынды бөлім мен қосымшалар осы регламенттің ажырамас бөлігі.

В. Осы регламенттің ағылшын, француз және неміс тілдеріндегі нұсқалары мәтіндерін пайымдауда қандай да бір айырмашылықтар болса, ағылшын тіліндегі нұсқасы заңдық күшке ие болады.

С. УЕФА әкімшілігі осы регламент ережелерін орындау үшін қажетті анықтамалықтар, нұсқаулар, нұсқаулықтар, әдістемелік материалдар мен кез келген басқа құралдар бекітуге уәкілетті.

Д. Осы регламентте көзделмеген қандай да бір мәселелер бойынша шешімді Кодекске және тиісті Халықаралық стандарттарға сәйкес УЕФА-ның допингке қарсы жұмыс тобымен консультациядан соң УЕФА әкімшілігі қабылдайды. Мұндай шешімдер түпкілікті болады.

Е. Кодекстің 27.2, 27.3, 27.4 және 27.6-тармақтарындағы өтпелі ережелер сәйкес түзетулермен бірге қолданылады.

Ғ. Осы регламент 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

УЕФА-ның атқару комитеті атынан:

Александр Чеферин

Президенті

Теодор Теодоридис

Бас хатшысы

Ньон, 3 желтоқсан 2020 жыл





---

## А қосымшасы – Терминдер анықтамасы

**АДАМС:** допингке қарсы әкімшілендіру мен басқару жүйесі – деректерді қорғау туралы заңнама талаптарына сәйкес мүдделі тараптар мен ВАДА-ның допингке қарсы қызметінде көмек көрсету мақсатында әзірленген, есептерді енгізу, сақтау, бірлесіп пайдалану және құру арқылы деректер қорын басқарудың желілік құралы.

**Әкімшілендіру:** өзге тұлғаның тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті пайдалануы кезінде немесе пайдалану талпынысы кезінде ұсыну, жеткізу, мониторинг жасау, жәрдемдесу немесе өзгедей қатысу. Дегенмен, бұл анықтама тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті тікелей әрі заңды терапиялық мақсаттарда және өзге қолданылатын негіздемеге сүйеіп, адал медицина персоналы пайдаланатынын білдірмейді, сондай-ақ мұндай тыйым салынған субстанцияларды тікелей және заңды терапиялық мақсаттарда пайдаланылмағанын немесе спорттық нәтижелерді жақсарту мақсатында пайдаланылғанын мән-жайлар көрсетіп тұрған жағдайларды қоспағанда, жарыстан тыс тестілеу аясында тыйым салынбаған тыйым салынған субстанциялар пайдалануды білдірмейді.

**Допингке қарсы қызмет:** допингке қарсы білім, және ақпараттандыру, тестілер бөлуді жоспарлау, тестілеу пулын енгізу, спортшылардың биологиялық паспорттарын басқару, тестілеу өткізу, сынамалар талдамасын ұйымдастыру, мәліметтер жинау және тексеру жүргізу, ТП беруге сұратымдар өңдеу, нәтижелерді өңдеу, қолданылатын салдардың орындалуына мониторинг жүргізу және қамтамасыз ету; сондай-ақ Кодексте және (немесе) халықаралық стандарттарда белгіленген тәртіппен допингке қарсы ұйым жүргізетін немесе оның атынан жүргізілетін, допингпен күреске байланысты өзге іс-шаралар.

**Допингке қарсы ұйыма:** ВАДА немесе мысалы, ФИФА-ны және допингке қарсы ұлттық ұйымдарды қоса алғандағы допинг-бақылау процедурасының кез келген бөлігіне қатысты бастама көтеру, іске асыру және орындау қағидаларын бекіту үшін жауапты қол қоюшы.

**Бейтиптік нәтиже:** зертханаларға арналған халықаралық стандарттарға немесе сәйкес техникалық құжаттарға сәйкес талдаманың жағымсыз нәтижесі деп танылғанға дейін одан арғы тексеру жүргізуді қажет ететін нәтиже туралы ВАДА аккредиттеген зертхананың немесе ВАДА мақұлдаған өзге зертхананың қорытындысы

**Паспорт бойынша бейтиптік нәтиже:** қолданылатын халықаралық стандарттарға сәйкес паспорт бойынша бейтиптік нәтиже деп көрсетілген қорытынды.

**Спортшының биологиялық паспорты:** Тестілеу мен тексеру бойынша халықаралық стандартқа және Зертханаларға арналған халықаралық стандартқа сәйкес іске асатын деректерді жинау мен жалпылаудың бағдарламалары және әдістері.

**ВАДА:** Допингке қарсы дүниежүзілік агенттік

**Кінә:** белгілі бір жағдайда міндеттердің орындалмауы немесе қажетті сақтықтың болмауы. Ойыншының немесе өзге тұлғаның кінә дәрежесін бағалау кезінде назарға алынатын факторлар мыналарды қамтиды: ойыншының немесе өзге тұлғаның тәжірибесі; ойыншы немесе өзге тұлға қорғалған тұлға ма; патология болуы сияқты айырықша мән-жайлар; ойыншы сезінуге тиіс қатер дәрежесі;

---

ойыншы танытуы керек болған сақтық деңгейі және ықтимал қатер дәрежесін анықтау үшін ойыншы жүргізуі керек болған талдама. Ойыншының немесе өзге тұлғаның күтілген мінез-құлық стандартынан ауытқуы себептерін түсіндіру үшін ойыншының немесе өзге тұлғаның кінә дәрежесін бағалау кезінде назарға алынатын мән-жайлар нақты әрі релевант болуы керек. Осылайша, 10.6.1 немесе 10.6.2-тармаққа сәйкес шеттету мерзімін қысқарту кезінде шеттету мерзімі кезеңінде ойыншының көп ақша табу мүмкіндігінен айырылуы, мансабын жалғыстырудың қалған қысқа кезеңі немесе спорттық күнтізбе кестесі релевант факторлар ретінде қаралмайды.

*Жарыстан тыс кезең:* жарыс кезеңіне жатпайтын кез келген кезең.

*Уақытша шеттету:* «допингке қарсы қағидаларды бұзу салдарын» қараңыз.

*Шеттету:* «допингке қарсы қағидаларды бұзу салдарын» қараңыз.

*Допинг-бақылау:* тестілер бөлуді жоспарлаудан бастап апелляция бойынша түпкілікті шешім шығаруға және салдарды қолданысқа енгізуге дейінгі барлық кезеңдер мен процестер, оның ішінде тестілеуді, тексеруді, орналасқан жері туралы ақпарат ұсынуды, ТП, сынамалар алуды және пайдалануды, зертханалық талдаманы, нәтижелер өңдеуді, сондай-ақ 10.14-тармақтың (Шеттету немесе уақытша шеттету мерзімі кезеңіндегі мәртебе) бұзылуына байланысты тексеруді немесе қарауды қоса алғандағы барлық аралық кезеңдер мен процестер.

*Ластанған өнім:* өнім жапсырмасында немесе Интернет желісінде іздеу арқылы табуға болатын өнім туралы мәліметтерде көрсетілмеген, құрамында тыйым салынған субстанция бар өнім.

*Тыйым салынған субстанция:* Тыйым салынған тізімде осылай анықталған кез келген субстанция немесе субстанциялар классы

*Тыйым салынған әдіс:* Тыйым салынған тізімде көрсетілген кез келген әдіс.

*Тыйым салынған тізім:* тыйым салынған субстанциялар мен тыйым салынған әдістер тізбесін белгілейтін ВАДА тізімі.

*Қорғалған тұлға:* игрок или иное физическое лицо, допингке қарсы қағидаларды бұзған сәтте: (i) он алты (16) жасқа толмаған; (ii) он сегіз (18) жасқа толмаған, тестілеудің қандай да бір тіркелген пулына енгізілмеген және ашық санаттағы (яғни жас шектеу қойылмайтын) қандай да бір жарысқа ешқашан қатыспаған немесе (iii) қолданылатын мемлекеттік заңнамаға сәйкес, жасқа байланысты емес себептермен шектеулі әрекет қабілеттігі бар ойыншы немесе өзге тұлға.

Ойыншы: УЕФА аясындағы жарыстарға жіберілген командаға кіретін, сол командада өнер көрсететін, жаттығатын немесе командаға өзгедей қатысы бар кез келген футболшы. Осы регламент мәнмәтініндегі «ойыншы» ұғымы Кодекстегі «халықаралық деңгейдегі спортшы» терминіне сай келеді. УЕФА қағидаларындағы «жарыс» ұғымы Кодекстегі «іс-шара» терминіне сай келеді.

**Ұлттық деңгейдегі ойыншы:** Тестілеу және тексеру бойынша халықаралық стандартқа сәйкес допингке қарсы әрбір ұлттық ұйым анықтаған ұлттық деңгейдегі спорт жарыстарына қатысатын ойыншылар. Осы регламент мәнмәтініндегі «ойыншылар» ұғымы ұлттық деңгейдегі ойыншыларға таралмайды.

**Орналасқан жері туралы ақпарат:** осы регламенттің С қосымшасына сәйкес талап етілген кезеңде ойыншының орналасқан жері туралы мәліметті қамтитын ақпаратты ойыншының ұсынуы немесе оның атынан ұсыну.

**Пайдалану:** тыйым салынған субстанцияға немесе тыйым салынған әдіске жататын кез келген затты пайдалану, қолдану, тамақпен тұтыну, егу арқылы енгізу, сондай-ақ қандай да бір басқа жолмен қолдану.

**Кодекс:** Допингке қарсы дүниежүзілік кодекс.

**Команда:** УЕФА аясындағы жарыстарға жіберілген клуб немесе ұлттық қауымдастық ойыншылары.

**Командноалық іс-шара (-лар):** ойыншылардың команда құрамындағы (мысалы, жаттығу) немесе команда басшылығымен өткізілген ұжымдық іс-шаралары.

**Тұлға:** жеке тұлға, ұйым немесе басқа заңды тұлға.

**Марапаттардан айыру:** «допингке қарсы қағидаларды бұзу салдарын» қараңыз.

**Маркер:** тыйым салынған субстанция немесе тыйым салынған әдіс пайдаланылғанын куәландыратын күрделі зат, күрделі заттар тобы немесе биологиялық көрсеткіш (-тер).

**Матч:** жарыс аясында өткізілетін дара футбол матчы. УЕФА қағидаларындағы «матч» ұғымы Кодекстегі «жарыс» терминіне сай келеді.

**Халықаралық жарыс:** УЕФА, Халықаралық олимпиада комитеті, Халықаралық паралимпиада комитеті, халықаралық федерация, ірі іс-шаралар ұйымдастырушысы, немесе өзге халықаралық спорттық ұйым басшылығымен өткізілетін жарыс немесе матч; немесе техникалық тұлғаларын жоғарыда көрсетілген ұйымдар тағайындайтын жарыс немесе матч. УЕФА қағидаларындағы «жарыс» ұғымы Кодекстегі «іс-шара» терминіне сай келеді.

**Халықаралық стандарт:** ВАДА Кодексті қолдау мақсатында бекітілген стандарт. Халықаралық стандарт талаптарын орындау (басқа балама стандарттарға, практикаларға және процедураларға қарағанда) Халықаралық стандартта көзделген процедураларды тиісті түрде орындау фактісін анықтау үшін жеткілікті негіздеме болады. Халықаралық стандарттар Халықаралық стандарттарға сәйкес шығарылған барлық техникалық құжаттарды қамтиды.

**Жарыс өткізу орындары:** УЕФА анықтаған объектілер (мысалы, командалар отельдері, жаттығу объектілері, стадиондар). УЕФА қағидаларындағы «жарыс» ұғымы Кодекстегі «іс-шара» терминіне сай келеді.

**Метаболит:** биотрансформация процесі кезінде түзілген қандай да бір субстанция.

---

*Есептіліктің минималды деңгейі:* сынамадағы тыйым салынған субстанция, оның метаболиті (-тері) немесе маркері (-лері) шоғырының есептік деңгейі, ВАДА-ның аккредиттелген зертханалары сынама талдамасының одан төмен жағымсыз нәтижесі туралы хабарламауға тиіс.

*Допингке қарсы ұлттық ұйым (ДҚҰҰ):* бірінші дәрежелі өкілеттіктерге ие болған және допингке қарсы қағидаларды бекіту мен орындау, сынамалар алу процесін басқару, тест нәтижелерін басқару және ұлттық деңгейде тыңдаулар өткізу үшін жауапты ретінде әр ел анықтаған ұйым (-дар). Мемлекеттік биліктің уәкілетті органы (-дары) мұндай ұйымды анықтамаса, сол елдің ұлттық олимпиада комитеті немесе ол белгілеген ұйым сол қызметті атқарады.

*Ұлттық жарыс:* халықаралық немесе ұлттық деңгейдегі ойыншылар қатысатын, халықаралық жарысқа жатпайтын жарыс немесе матч. УЕФА қағидаларындағы «жарыс» ұғымы Кодекстегі «іс-шара» терминіне сай келеді. УЕФА қағидаларындағы «матч» ұғымы Кодекстегі «жарыс» терминіне сай келеді.

*Ұлттық олимпиадалық комитет:* Халықаралық олимпиада комитеті мойындаған ұйым. Ұлттық олимпиада комитетінің допингпен күрес жөніндегі функциясын ұлттық спорт конфедерациясы атқаратын елдерде «Ұлттық олимпиада комитеті» ұғымы ұлттық спорт конфедерациясына да қатысты.

*Талдаманың жағымсыз нәтижесі:* зертханаларға арналған халықаралық стандартқа сәйкес сынамада тыйым салынған субстанция, оның метаболиттері немесе маркерлері анықталғаны туралы немесе тыйым салынған әдіс қолданылғанының айғағы алынғаны туралы ВАДА-ның аккредиттелген зертханасының немесе ВАДА мақұлдаған зертхананың қорытындысы.

*Паспорт бойынша жағымсыз нәтиже:* қолданылатын халықаралық стандарттарға сәйкес паспорт бойынша жағымсыз нәтиже ретінде белгіленген қорытынды.

*Елеусіз кінә немесе салғырттық:* мән-жайларды жалпы қарастырған кезде және допингке қарсы қағидаларды бұзу тұрғысынан кінә немесе салғырттық жоқтығы критерийін ескере отырып, қандай да бір кінә немесе салғырттық елеусіз екенін ойыншының немесе өзге тұлғаның дәлелдеуі. 2.1-тармақты бұзған ойыншы қорғалған тұлға болмаса, тыйым салынған субстанция организміне қалай түскенін ол ойыншы да түсіндіруге міндетті.

*Ақпарат ұсынбау:* орналасқан жері туралы ақпаратқа сәйкес ойыншыны көрсетілген уақытта және көрсетілген жерде тестілеу мақсатында, орналасқан жері туралы дәл әрі толық ақпаратты ойыншының (немесе ойыншы осы міндетті орындауға өкілеттік берген үшінші тұлғаның) ұсынбауы немесе С қосымшасы талаптарына сәйкес оның өзектілігі мен толықтығын сақтау мақсатында қажет болса бұл ақпаратқа өзгерту енгізбеуі.

*Орналасқан жері туралы ақпарат ұсыну тәртібін сақтамау:* ақпарат ұсынбау немесе өткізіп жіберген тесті. Кәмелетке толмаған: он сегіз (18) жасқа толмаған жеке тұлға.

---

*Кәмелетке толмаған: он сегіз (18) жасқа толмаған жеке тұлға.*

Ие болу: шынайы, физикалық түрде ие болу немесе дәлелденетін жанама ие болу (тұлғаның тыйым салынған субстанцияға, тыйым салынған әдіске немесе тыйым салынған субстанция немесе тыйым салынған әдіс бар орынжайға эксклюзив қолжетімі болған кезде немесе қолжетім алуға ниеттенген кезде ғана болуы мүмкін). Тұлғаның тыйым салынған субстанцияға, тыйым салынған әдіске немесе тыйым салынған субстанция немесе тыйым салынған әдіс бар орынжайға эксклюзив қолжетімі болмаса, жанама ие болу фактісін тұлға тыйым салынған субстанция немесе тыйым салынған әдіс бар екенін білген және оған қолжетім алуға ниеттенген жағдайда ғана анықтауға болады. Көрсетілген тұлға допингке қарсы қағидалар бұзылғаны туралы қандай да бір құлақтандыру алғанға дейін тыйым салынған субстанцияға немесе тыйым салынған әдіске ие болу ниеті болмағанын дәлелдеу үшін белгілі бір амалдар жасаса және допингке қарсы ұйымға оларға ие болудан айқын бас тартқаны туралы мәлімдесе, тек ие болғаны негізінде ғана допингке қарсы қағидаларды бұзғаны туралы айып тағылмайды. Жоғарыда келтірілген анықтамаға қарамастан, тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті сатып алу (электронды немесе өзге құралдар арқылы сатып алуды қоса алғанда) сатып алушы тұлғаның тыйым салынған субстанцияға немесе тыйым салынған әдіске ие болуы ретінде қаралады, бұл ретте мысалы, өнім жеткізілмесе де, оны басқа біреу алса да, ол үшінші тұлға мекенжайына жіберілсе де маңызды емес.

Нәтижелерді өңдеу: Нәтижелерді өңдеу бойынша халықаралық стандарттың және осы регламенттің 5.1 – 5.3-тармақтарына сәйкес құлақтандыру сәтінен немесе кей жағдайларда (мысалы, талдаманың бейтиптік нәтижесі кезінде, спортшы паспорты бойынша бейтиптік нәтиже кезінде, орналасқан жері туралы ақпарат ұсыну тәртібі сақталмағанда) Нәтижелерді өңдеу бойынша халықаралық стандарттың және осы регламенттің 5.1 – 5.3-тармақтарында тікелей көзделген алдын ала құлақтандырудан басталып, бірінші сатыдағы немесе апелляциядағы (шағым берілсе) тыңдаулардың қорытынды кезеңін қоса алғанда, осы іс бойынша айыптау мен түпкілікті шешім шығарылғанға дейін жалғасатын процесс.

Білім беру: спорттық әділдік бағытындағы құндылықтар мен мінез-құлық қалыптастыруға, сондай-ақ допингті қасақана немесе білместікпен қолданудың алдын алуға бағытталған білім беру процесі.

Операциялық тәуелсіздік: (1) УЕФА-ның немесе допингке қарсы ұйымның нәтижелерді өңдеу үшін жауапты кеңес мүшелері, қызметкерлері, комиссия мүшелері, консультанттары мен ресми тұлғалары немесе олардың аффилирленген ұйымдары (мысалы, федерация немесе конфедерация мүшелері), сондай-ақ істі тексеруге немесе алдын ала қарауға тартылған қандай да бір тұлға УЕФА-ның немесе допингке қарсы ұйымның нәтижелерді өңдеу үшін жауапты сот алқасының мүшелері және (немесе) хатшылары (оның ішінде, көрсетілген хатшы қандай да бір шешімді талқылау және (немесе) құрау процесіне қатысса) ретінде тағайындала алмайтынын; және (2) сот алқалары тыңдауларды УЕФА-ның, допингке қарсы ұйымның немесе қандай да бір үшінші тараптың араласуынсыз өткізіп, шешім шығаруы керек екенін білдіреді. Мақсат – сот алқасының мүшелері немесе шешім қабылдау процесіне қатысатын өзге тұлғалар істі тексеруге немесе іс қозғау туралы шешім қабылдауға қатыспауы керек.

---

---

*Нәтижелерді өңдеу жөніндегі орган:* әр жекелеген жағдайда нәтижелерді өңдеу үшін жауапты ұйым. Орналасқан жері туралы ақпарат ұсыну тәртібі сақталмаса, нәтижелерді өңдеу жөніндегі орган С қосымшасына сәйкес анықталады.

*Ірі іс-шаралар ұйымдастырушысы:* бірнеше спорт түрін біріктіретін және қандай да бір құрлықтық, өңірлік және (немесе) халықаралық жарыстардың басшылық органдары қызметін атқаратын, ұлттық олимпиада комитеттерінің және өзге халықаралық ұйымдардың құрлықтығы қауымдастықтары. УЕФА қағидаларындағы «жарыс» ұғымы Кодекстегі «іс-шара» терминіне сай келеді.

*Айырықша субстанция:* 4.2.2-тармақты қараңыз.

*Айырықша әдіс:* 4.2.2-тармақты қараңыз.

*Кінә немесе салғырттық жоқтығы:* тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті өзі пайдаланғанын немесе оған әкімшілендіргенін немесе қандай да бір өзге тәсілмен допингке қарсы қағидаларды бұзғанын білмегенін және сезіктенбегенін, сондай-ақ аса сақтық танытқан күннің өзінде білуі немесе сезіктенуі мүмкін емес екенін ойыншының немесе өзге тұлғаның дәлелдеуі. 2.1-тармақты бұзған ойыншы қорғалған тұлға болмаса, тыйым салынған субстанция организміне қалай түскенін ол ойыншы да түсіндіруге міндетті.

Ауырлататын мән-жайлар: стандартты санкциядан асатын шеттету мерзімін белгілеу үшін негіздеме болатын мән-жайлар немесе ойыншының немесе өзге тұлғаның әрекеттері. Мұндай мән-жайлар мен әрекеттерге келесілер жатады: (i) ойыншы немесе өзге тұлға бірнеше тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті пайдаланды немесе ие болды, тыйым салынған субстанцияларды немесе тыйым салынған әдістерді сан мәрте пайдаланды немесе ие болды немесе допингке қарсы қағидаларды өзгеше тәсілмен сан мәрте бұзды; (ii) допингке қарсы қағидаларды бұзу салдарынан дені сау адамның өзге жағдайда шеттету мерзімі қолданылатын шектен тыс артықшылыққа ие болу ықтималдығы артады; (iii) ойыншы немесе өзге тұлға жаңылыстыруға тырысса немесе допингке қарсы қағидалардың бұзылғанын анықтауға немесе бұзылғаны туралы шешім шығаруға кедергі келтіруге тырысса; (iv) ойыншы немесе өзге тұлға нәтижелерді өңдеу процесі кезінде бұрмалауға қатысса, Күмәнді сейілту үшін: осы тармақта көрсетілген мән-жайлар мен әрекеттер мысалдары толық емес, осындай басқа мән-жайлар немесе әрекеттер де шеттетудің анағұрлым ұзақ мерзімін белгілеу үшін негіздеме болуы мүмкін.

*Допинг-бақылау офицері (ДБО):* сынамалар алу, оларды сақтау және зертханаға жіберу үшін УЕФА әкімшілігі тағайындаған, УЕФА үйреткен тұлға.

*Қан алу жөніндегі офицер (ҚАО):* қан сынамаларын алу үшін жауапты және ойыншылардан қан алу машығы бар, допинг-бақылау офицері (ДБО).

*Ойыншылармен жұмыс жөніндегі персонал:* жарысқа қатысып жатқан немесе дайындалып жатқан ойыншымен жұмыс істейтін, ем жасайтын немесе жәрдемдесетін кез келген жаттықтырушы, нұсқаушы, менеджер, агент, команда қызметкері, ресми тұлға, медицина персоналы, парамедицина персоналы, ата-анасы немесе кез келген өзге тұлға.

---

*Қол қоюшылар:* Кодекске қол қойған және Кодекстің 23-бабына сәйкес оны орындауға келіскен ұйымдар.

*Талпыныс:* түптеп келгенде допингке қарсы қағидаларды бұзуға бағытталған қасақана әрекеттер. Дегенмен, бұл әрекеттерге қатысы жоқ үшінші тарап оны анықтағанға дейін тұлға талпынысын тоқтатса, мұндай әрекеттер тек бұзушылық жасау талпынысы негізінде допингке қарсы қағидаларды бұзу ретінде сараланбайды.

*Шешім қабылдау шегі:* Зертханаларға арналған халықаралық стандартқа сәйкес асып кеткен кезде талдаманың жағымсыз нәтижесі туралы құлақтандыру жіберілетін, сынамадағы шекті субстанцияға арналған нәтиже мәні.

*Допингке қарсы қағидаларды бұзу салдары (салдар):* ойыншының немесе өзге тұлғаның допингке қарсы қағидаларды бұзуы келесі оқиғалардың біріне немесе бірнешеуіне әкеп соғуы мүмкін: (a) белгілі бір жарыс немесе матч аясында алған ойыншының жек марапаттарын (мысалы, медальдарын, ақшалай жүлдесін) алуды білдіретін марапаттарынан айыру; (b) 10.14-тармаққа сәйкес, допингке қарсы қағидаларды бұзғаны үшін белгілі бір мерзім бойы ойыншының немесе өзге тұлғаның қандай да бір жарысқа немесе өзге қызметке қатысуына тыйым салуды немесе қаржыландырудан бас тартуды білдіретін шеттету; (c) 8-бапқа сәйкес тыңдау аясында түпкілікті шешім шыққанша, ойыншының немесе өзге тұлғаның қандай да бір жарысқа немесе өзге қызметке қатысуына уақытша тыйым салуды білдіретін уақытша шеттету; (d) допингке қарсы қағидаларды бұзғаны үшін немесе допингке қарсы қағидалардың бұзылуына байланысты шығыстарды өтету мақсатында белгіленетін қаржылай санкцияны білдіретін қаржылай салдары, және (e) 14-бапқа сәйкес ақпаратты жалпақ ел арасында немесе алдын ала құлақтандыру алмайтын адамдар арасында таратуды және жіберуді білдіретін жария ету. УЕФА-ға мүше қауымдастықтар аумағында орналасқан ұлттық қауымдастықтарға және (немесе) клубтарға УЕФА тәртіптік регламентінің 11-бабында көзделген салдарлар да таралуы мүмкін.

*Алдын ала тыңдау* 8-бапқа сәйкес тыңдауға дейін өткізілетін, ойыншыға құлақтандыру жолданып, өз ойын жазбаша немесе ауызша баяндау мүмкіндігі берілетін, шұғыл, қысқартылған тыңдау.

*Команда өкілі:* сынамалар алу мақсатында команда өз өкілі ретінде және (немесе) оның бір немесе бірнеше ойыншысының өкілі ретінде тағайындаған тұлға.

*Сынама:* допинг-бақылау өткзу мақсатында алынатын кез келген биологиялық материал.

*Өткізіп алынған тест:* орналасқан жері туралы ақпаратта сәйкес күнге көрсетілген жерде тестілеу өткізу үшін 60 минут бойы ойыншының болмауы.

*Матч хаттамасы:* УЕФА аясында өтетін жарыстар регламентіне сәйкес матчқа қатысатын командалар ойыншыларының тізімі (қосалқы ойыншыларды қоса алғанда),



---

*Сынама алу процедурасы:* алғашқы жанасудан бастап ойыншының допинг-бақылау стансасынан шығу сәтіне дейін тестілеу үшін таңдалған ойыншының тікелей қатысуымен реттілік бойынша жасалатын барлық әрекеттер.

*Жария ету:* «допингке қарсы қағидаларды бұзу салдарын» қараңыз.

*Тестілеу пулы:* тестілеудің тіркелген пулына кірмейтін және көрсетілген ойыншыларды жарыстан тыс кезеңде анықтау мен тестілеу мақсатында орналасқан жері туралы ақпарат ұсынуға міндетті ойыншылар мен командалар тізбесі.

*Терапиялық пайдалануға (ТП) рұқсат:* терапиялық пайдалану бойынша халықаралық стандарттың 4.4-тармағында баяндалған шарттар сақталған жағдайда ғана, ойыншыға медициналық себептер бойынша тыйым салынған затты немесе тыйым салынған әдісті пайдалануға рұқсат беретін рұқсат,

